Қылмыстық іс жүргізулік құқықта жауаптылықтың негізгі белгісін оның құрамындағы санкциялық сипаты көрсетеді. Бірақ, санкцияның ұғымы теорияда әр түрлі анықталады. Мәселен, құқық теориясында: «Санкция — бұл құқықтық норманы бұзудың нәтижесі ретінде көрінетін заң бұзушылықта жол берген тұлға үшін заңдық жауаптылықтың түрі мен мәлшерін қарастыратын заңдық норманың құрылымдық элементі» [14, 361]. Ал, басқа жағдайда санкция ретінде «...құқықтық норманың диспозициясын бұзудың салдарынан пайда болатын жағымсыз нәтижелер» түсіндіріледі [15, 289]. Сонымен қатар, санкция—бұл «норманың диспозициясымен реттелген қатынастарға қайши келетін әрекеттер жасалған құқық субъектілерінің жауаптылық мәлшерін анықтайтын норманың бөлігі» [16, 241].

Осы көрсетілген санкцияның түсінігі процессуалистердің басым көпшілігінің қолдауын тапты. С. Полунин, Н. Громов, Е. Жога осы жөнінде былай дейді: «Санкция—бұл қылмыстық-процестік нормасының талаптарын орындауы немесе дұрыс орындауы барысында іс жүргізулік қатынастардың субъектілеріне қатысты жағымсыз нәтижені қарастыратын қылмыстық-процестік нормасының құрылымдық элементі» [17, 40].

Заң ғылымиында негізінен құқықты қалпына келтіруші және жазалаушы іс жүргізулік санкциялар қарастырылады. Құқықты қалпына келтіруші санкциялар «орын алған заң бұзушылықты жоюға және заңдылықты қалпына келтіруге бағытталған» [18, 35]. Бұл санкциялар бірінші кезекте қылмыстық-процестік қатынастары субъектілерінің өздеріне жүктелген міндеттерді орындааттыруына септігін тигізеді. Ол үшін қылмыстық-процестік заңында бекітілген мемлекеттік мәжбүрлеудің толық кешенді шаралары қарастырылған. Мәселен, санкция ретінде заңмен өзіне жүктелген міндеттерді дәлелді себептерсіз орындаған іс жүргізудің қатысушысына ақшалай өндіріп алушы қолдану қарастырылады.

Жазалаушы санкция өзінің атына сәйкес құқықтық норманың бұзылуына жол берген субъектіні жазалау мақсатына ие болып келеді. Заң әдебиеттерінде жазалаушы санкциялар қатарына төмендегілер жатқызылады:

- бұлтартпау шарасын қатаң түріне өзгерту,
- сот отырысы залынан сottалушыны немесе басқа да қатысушыны шығарып жіберу [19, 90];
- тергеушіні қылмыстық істі тергеуден шеттету [20, 42];
- тергеу әрекеттерін жүргізу барысында тергеушінің талаптарына бағынбау;
- анықталған тәртіпті бұзу және т. б. Осыған ұқсас пікірлер басқа да ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан [21, 64].

Санкцияны қылмыстық іс жүргізуде қолданудың ерекшелігі ретінде мына жағдайды атауға болады, яғни, субъектінің бір құқық бұзушылығы үшін оған бірнеше санкция қатар қолданылуы мүмкін [22, 6–11]. Мәселен, сот отырысында тәртіп бұзғандығы үшін судья құқық бұзушыны сот отырысы залынан шығарып жіберуге құқылы және қосымша сол сәтте ақшалай өндіріп алушы тағайындалады. Алайда мына мысалда «акшалай өндіріп алу» термині логикалық түрғыда оның табиғаты мен мәніне қарай тағайындалуына қатысты мұлдем сәйкес келмей түрғандығы анық байқалады. Өйткені «өндіріп алу» мен «жазалау» ұғымдары екі бөлек мағыналар береді.

Жоғарыда талданған құбылысты ескере отырып ақшалай өндіріп алудың «өндіріп алу» терминімен келіспеушілігімізді білдіреміз. Себебі ілгерілек баяндалғандай өзге де процестік мәжбүрлеудің бір түрі ретінде қарастырылған ақшалай өндіріп алудың табиғатына «өндіріп алу» емес «жазалаушы» сипаты тән. Іс жүргізулік жауаптылықтың жоғарыда талданған белгілері мен қасиеттері ақшалай өндіріп алудың жазалаушы сипатын куәландырып отыр.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасында «өндіру» термині бірнеше мағынада қолданылады және соның әсерінен кейбір ұғымдарды біркелкі түсінуін қамтамасыз етпейді. Мәселен, оларға: ақшалай өндіріп алу (159-б. Ақшалай өндіріп алу); ...ақшаны өндіріп алу (173-бап. Жәбірленушілерге өтемақы қоры); мұліктік өндіріп алу (145-бап. Кепіл); ...әкімшілік өндіріп алу (53-бап. Соттың өкілеттіктері) ...кепіл нысанына өндіріп алу (145-бап. Кепіл); ...сома өндіріп алынады (145-бап. Кепіл); мұліктік өндіріп алу (161-бап. Мұлікке тыйым салу); ...төлемді...өндіріп алады (173-бап. Жәбірленушілерге өтемақы қоры); шығындарды өндіріп алу (178-бап. Процестік шығындарды өндіріп алу).

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қыркүйектегі № 899 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Заң жобасының 14-бабында: «өндіріп алушы — өз пайдасына немесе мұдделеріне атқару құжаты берілген жеке немесе заңды тұлға», екендігі көрсетілген.

«Қылмыстық істер бойынша процестік шығындарды өндіріп алу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 10 нормативтік қаулысына сәйкес, «өндіру» термині қылмыстық істер бойынша белгілі бір процестік шығындарды өндіру деп түсініледі. Пікірімізше осы көрсетілген нормаларда «өндіріп алу» терминінің қолдану шеңберіне сәйкес шынайы мәні анықталған.

Ал қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде сәйкес «өндіру» сөзі — «қайтарып алу» деген мағынаны береді [23, 654].

Профессор Қ.Ә. Тәшібаевтен алынған интервьюге сәйкес, «акшалай өндіріп алу» ұғымы қылмыстық іс жүргізу заңындағы тағайындалуына қатысты өз мәнін дұрыс ашпайды, оған себеп — атальыш норманың орыс тілінен мемлекеттік тілге дұрыс тәржімаланбағаны. ҚР ҚПК-н 159-бабымен реттелетін ақшалай өндіріп алу шарасына тағайындалу қасиетіне орай «өндіру» емес «жазалау» сипаты тән.

Сонымен, көрсетілгендерді былайша түйіндейміз, яғни қылмыстық іс жүргізудегі ақшалай өндіріп алу (ҚР ҚПК 159, 160-б.) тек орын алған құқық бұзушылық үшін, яғни өзіне заңмен жүктелген міндетті орындағаны немесе дұрыс орындағаны үшін жаза ретіндеғана тағайындалады. Сондықтан, ақшалай өндіріп алу шарасының жоғарыда баяндалған «жауаптылық қасиетіне» қатысты зерделеуді ескере отырып атальыш шараны ақшалай жаза шарасы деп қарастыру пікірімізше дұрыс шешім.

Процессуалдық мәжбүрлеу шарасы ретінде көрініс табатын ақшалай өндіріп алу—бұл іс жүргізуге қатысушылардың ҚР ҚПК-де көрсетілген өздерінің процессуалдық міндеттерін орындағаны және сот отырысында тәртіп бұзғаны үшін қарастырылатын тек қылмыстық процессыалдық жауаптылық шарасы.

Қарастырылып отырған мәселені зерделей келе келесіні белгілейік, яғни қылмыстық іс жүргізудегі өзге де мәжбүрлеу шараларына кіретін ақшалай өндіріп алу (ҚР ҚПК 159, 160-б.) тек орын алған құқық бұзушылық үшін, өзіне заңмен жүктелген міндетті орындағаны немесе дұрыс орындағаны үшін ғана тағайындалады. Сондықтан, бұл шара іс жүргізулік жауапкершілік шарасы ретінде танылады.

Маңызды көніл бөлетін жағдай, бұл кейбір іс жүргізулік мәжбүрлеу шаралары іс жүргізудің тек нақты бір қатысушыларына қатысты қолданылады, ал басқалары іс жүргізудің әр түрлі қатысушыларына қатысты қолданыла береді. Мәселен, бұлтартпау шаралары күдікті мен айыпталуышаға бірдей қолданылады, ал лауазымынан уақытша шеттету шарасы тек айыпталуышаға қатысты ғана қолданылады. Ақшалай өндіріп алу керісінше, айыпталушы мен күдіктіге қатысты қолданылмайды, алайда жәбірленушіге, куәға, маманға және сарапшы мен іс жүргізудің өзге де қатысушыларына қатысты қолданылуы мүмкін.

Қазақстандық - процестік ғылымында іс жүргізулік бұлтартпау шаралары мен келу туралы міндеттеме беру, алып келу мен ақшалай өндіріп алу шараларының өзара айырмашылығы туралы айтылған пікірлер бар. «...соңғысы айыпталушы мен құдіктіге ғана емес, сонымен қатар жәбірленушіге, күәға, маманға, сарапшыға, азаматтық талапкер мен оның өкілдеріне, азаматтық жауапкер мен оның өкілдеріне және айыпталушының өкіліне де қатысты қолданулы мүмкін» [24, 12].

Қазіргі уақытта іс жүргізуде ақшалай өндіріп алушы қолдану мәселесі өте маңызды, сондықтан оны қолдану мүмкіндігін мейлінше кеңейтіп әрі жеңілдету қажет. ҚР ҚПК 159, 160-б. ақшалай өндіріп алу заңнамадағы тиісті баптарда қөзделген жағдайларда ғана қолданылады делінген. Алайда, берілген бапта тек белгілі бір іс жүргізудің қатысуышыларының ғана іс жүргізулік қағидасы реттелген. Олар: жәбірленуші, күә, маман, аудармашы, күәгер, жеке кепілгерлік берушілер, кәмелетке толмағанды қарауына алған тұлғалар. Олардың тобын тергеушінің, анықтаушының тапсырмасын орындаған, не дұрыс орындаған азаматтармен (лауазымды тұлғалардан басқа), тергеушінің не анықтаушының талаптарына бағынбай тергеулік әрекетке қатысадан жалтарған азаматтар, жүргізіліп отырған тергеулік әрекеттің тәртібін бұзған азаматтар және тергеушінің не анықтаушының талаптарына бағынбаған немесе оларға қатысты жағымсыз әрекеттер (тергеулік құпияны паш ету) жасаған азаматтармен толықтыру қажет етіледі.

Сонымен қатар, ақшалай өндіріп алу іс жүргізудің қатысуышы болып табылмайтын, сот отырысы залында тәртіпті бұзған кез-келген тұлғаларға қатысты да қолданылуы мүмкін. Бұл тұжырым ҚР ҚПК-н 346-б. негізделіп шығарылып отыр. Осы баптың бірінші бөлімінде сот отырысы залында сottалушыдан басқа қайталаң тәртіпті бұзған кез-келген тұлғаға қатысты әкімшілік жаза қолданылуы мүмкін екендігі ескертіледі делінген. Ал, 4-бөлімінде, сот отырысы залында қатысып отырған, бірақ процеске қатысуыш болып табылмайтын адамдар тәртіп бұзған жағдайда сот оларға әкімшілік жазаны қолдану мүмкіндігін нақты анықтаған.

Бұл жағдайда, заңнамамен әкімшілік жаза айтылғанмен, ол іс жүргізудің ақшалай өндіріп алу шарасын тұспалдап отыр. Негізінен бұл заңнамалық қателікке жатады. Өйткені, ҚР ҚПК-іне соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 160-бап ақшалай өндіріп алушы қолдану тәртібін реттеуші бабы ретінде анықталған сәттен бастап қылмыстық іс жүргізулік заңнама ҚР ӘҚБтК-іне сілтеуді тоқтатты.

Кез-келген қылмыстық іс жүргізулік мәжбүрлеу шараларының сипатына тән жалпы белгілерімен қатар, ақшалай өндіріп алушың да қылмыстық іс жүргізуде өзіндік қасиеттері бар және жалпы — процестік кеңістігінде ерекше қызмет атқарады. Сондықтан, ақшалай өндіріп алушың қылмыстық іс жүргізудегі мәжбүрлеу шарасы ретінде тағайындалуын теренірек зерттеу, ғылыми түрғыда ерекше назар аударуды қажет ететіндігі сөзсіз. Ол үшін, алдымен қылмыстық істер бойынша ақшалай өндіріп алушы тағайындаудың шарттарын, негіздерін реттейтін қылмыстық-процестік заңнамасының дамуына себеп болу алдағы мақсатқа лайықты болып табылады.

Сонымен, біз жоғарыда көрсетілгендерге нәтиже шығара отырып келесідей қорытындыға келеміз:

Қылмыстық іс жүргізудегі ақшалай өндіріп алу тек орын алған құқық бұзушылық үшін, яғни өзіне заңмен жүктелген міндетті орындағаны немесе дұрыс орындағаны үшін жаза ретінде ғана тағайындалады. Сондықтан, ақшалай өндіріп алу шарасының жоғарыда баяндалған «жауаптылық қасиетіне» қатысты зерделеуді ескере отырып атамыш шараны ақшалай жаза шарасы деп қарастыру қажет;

— Қылмыстық процестік мәжбүрлеу дегеніміз, бұл қылмыстық заңмен реттелген, қылмыстық іс жүргізудің қалыпты үдерісіне кедерігі келтіретін тұлғаларға қажетті көлемде психикалық немесе физикалық әсер етуді қолдану арқылы туындаған бөгеттерді жою, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, іс жүргізудің тиімділігін қамтамасыз ету мақсаттарына ие болалын мемлекеттік әсер ету шарасы.

Ақшалай өндіріп алу — бұл қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің кез келген сатысында қолдану мүмкіндігі анықталған, іс жүргізудің бірқалыпты үрдісін қамтамасыз ету мақсатына

ие болатын, іс жүргізуге қатысушыларға өздерінің іс жүргізулік міндеттерін орындағаны немесе дұрыс орындағаны үшін және сот отырысының тәртібін бұзғандығы үшін іс жүргізулік жауапкершілік ретінде қолданылатын іс жүргізудің өзге де мәжбүрлеу шарасы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Нуркеева Д. Принцип законности как один из важнейших ориентиров уголовно-процессуальной деятельности адвоката в уголовном процессе // «Хабаршы — Вестник» Карагандинской академии МВД РК им. Б. Бейсенова. — 2021. — № 2 (72). — С. 128-133.
2. Лазарева В.А. Судебная власть и ее реализация в уголовном процессе. — Самара, 1999. — 241 б.
3. Братусь С.Н. Спорные вопросы теории юридической ответственности // Советское государство и право. — 1973. — № 4. — 33 б.
4. Иоффе О.С., Шаргородский М.Д. Вопросы теории и права. — М., 1961. — 314-318 б.
5. Корнуков В.М. Меры процессуального принуждения в уголовном судопроизводстве. — Саратов, 1978. — С. 10.
6. Коврига З.Ф. Уголовно-процессуальная ответственность. — Воронеж, 1984. — С. 25.
7. Самошенко П.С., Фарукшин М.Х. Ответственность по советскому законодательству. — М., 1971. — С.187.
8. Базылев Б.Т. Об институте юридической ответственности // Советское государство и право. — 1975. — № 1. — С. 112.
9. Малеин Н.С. Правонарушение: понятие, причины, ответственность. — М., 1985. — С. 130–152.
10. Клюков Е.М. Мера процессуального принуждения. — Казань, 1974. — С. 26–27.
11. Филищенко А.А. Об уголовно-процессуальном принуждении // Правоведение. — 1974. — № 3. — 108–110 б.
12. Петелин А.И. Некоторые вопросы общего понятия юридической ответственности // Проблемы применения советского права. — Свердловск. 1973. — 141–146 б.; Трунов И.Л., Трунов Л.К. Предложения по совершенствованию некоторых норм УПК РФ // Российский следователь. — 2002. — № 12. — 12 б.; Лейст О.Э. Правонарушение и юридическая ответственность // Теория государства и права. — М., 1996. — 464 б.
13. Строгович М.С., Алексеева Л.Б., Ларин А.М. Советский уголовно-процессуальный закон и проблемы его эффективности. — М., 1968. — С. 170.
14. Теория государства и права: Учебн. для вузов / Под ред. Н.И. Матузова и А.В. Малько. — М., 2001. — С. 361.
15. Теория государства и права: Учебн. для вузов / Под ред. В.М. Корельского и В.Д. Переялова. — М., 2000. — С. 289.
16. Теория государства и права: Учебн. для вузов / Под ред. В.О. Лучина и Б.С. Эбзеева. — М., 2000. — С.241.
17. Жога Е., Полунин С., Громов Н. Санкции в структуре норм уголовно-процессуального права // Российский следователь. — 1999. — № 6. — С. 40.
18. Уголовно-процессуальное право: Учебн. для вузов / Под ред. П.А. Лупинской. — М., 1997. — С.35.
19. Элькинд П.С. Цели и средства их достижения. — М., 1976. — С. 90.
20. Ханов Т.А. Обеспечение имущественных прав личности при применении мер принуждения в уголовном судопроизводстве Республики Казахстан: Учеб. пос. — Караганда, 2006. — 42 б.
21. Столмаков А.И. Санкции в уголовном судопроизводстве // Правоведение. — 1982. — № 3. — С. 64.
22. Жога Е., Громов Н.А. Карательные санкции в уголовном процессе // Следователь. — 1999. — № 7. — С. 6–11.
23. Қазақша түсіндірме сөздік / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. — Алматы: Даик-пресс, 2008. — 654 б.
24. Капсалямов К.Ж. Меры пресечения в системе уголовного преследования: Монография. — Астана: КазПОУ, 2004. — С. 12.

**Сахарбай А.,**  
начальник кафедры административной деятельности ОВД,  
магистр юридических наук, подполковник полиции  
(Актыбинский юридический институт МВД Республики Казахстан им. М. Бокенбаева,  
г. Актобе, e-mail: Arman\_bs@mail.ru)

**Денежное взыскание в уголовном процессе:  
соотношение ответственности и санкции**

*Аннотация.* В статье рассматриваются вопросы применения денежного взыскания на этапе предварительного следствия. Для обеспечения оперативного и объективного проведения предварительного следствия по уголовному делу необходимо обеспечить строгое соблюдение установленного порядка и не допускать эксцессов. Для этого необходимы изменения и дополнения в некоторые законы Республики Казахстан, касающиеся применения денежного взыскания. Например, административное и уголовно-процессуальное законодательство в отношении денежных взысканий повторяет одну и ту же норму. Из-за таких обстоятельств в практической деятельности возникает недопонимание. Кроме того, необходимо внимательно изучить вопросы, касающиеся понятий procedural responsibility and sanctions меры денежного взыскания.


*Ключевые слова:* денежное взыскание, уголовный процесс Республики Казахстан, меры принуждения, иные меры процессуального принуждения, уголовно-процессуальная ответственность, уголовно-процессуальные санкции.

**A. Saharbay,**  
*Employee, master of science Aktobe,*  
(*Aktobe Law Institute Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan*  
*named after M. Bokenbayev, e-mail: Arman\_bs@mail.ru*)

**Monetary recovery in criminal proceedings:  
the ratio of responsibility and sanctions**

*Annotation.* It is necessary to comprehensively consider the application of monetary penalties at the stage of preliminary investigation. Since in order to ensure the prompt and objective conduct of the preliminary investigation in a criminal case, it is necessary to ensure strict compliance with the established procedure and the prevention of emergency situations. This requires amendments and additions to some laws of the Republic of Kazakhstan concerning the application of monetary penalties. For example, administrative and criminal procedure legislation in relation to monetary penalties mutually repeats the same rule. Due to such circumstances, there is a lot of misunderstanding in practice. In addition, it is necessary to carefully study the issues related to the concepts of procedural responsibility and the sanction of a monetary penalty.

*Keywords:* Monetary penalty, Criminal proceedings of the Republic of Kazakhstan, Coercive measures, Other measures of procedural coercion, Criminal procedural responsibility, Criminal procedural sanctions.



**Төлеген М.Ә.,**

*ректор, профессор, заң ғылымдарының кандидаты, философия докторы (PhD),*

*Қазақстан Республикасы педагогика ғылымдары академиясының академигі*

*(e-mail: Mukhtar\_T80);*

**Орсаева Р.А.,**

*зан ғылымдарының кандидаты (PhD), қауымдастырылған профессор*

*(С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,*

*Қазақстан Республикасы, Өскемен қ., e-mail: r\_orsaeva\_60@mail.ru)*

### **Қазақстан Республикасындағы балалар арасындағы қылмыстылықтың алдын алу мәселелері**

**Аннотация.** Жас балалар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыс қоғамда өткір әлеуметтік мәселе болып қалып отырғаны белгілі. Ол мәселе қылмыс қанша уақыт болған болса, сонша уақыт ешбір қоғамда толық шешілмеген. Бұл анық нәрсе, бұдан мүлдем шешілмейді деген ой туында маса керек, шешілетін мәселе. Тек педагогикалық немесе құқық қорғау шараларымен гана шешілмейтін анық. Сондықтан, жасөспірімдердің арасында алдын-алумен қатар, құқықтық санасы мен құқықтық білімділігін де жетілдіре беру керек. Авторлар мақалада жас балалар мен жасөспірімдер қылмыстылығын ескерту, алдын-алу және қылмыстылықпен күрес жүргізуін тиімділігі мәселелері қарастырылған.

*Негізгі сөздер:* жас бала, жасөспірім, қылмыстық құқық бұзушылық, ескерту., алдын-алу, тиімділік мәселелері.

Қазақстан Республикасындағы балалар қылмыстылығы криминология ғылымының өзекті мәселелерінің бірі. Жалпы жас балалар, жасөспірімдер қылмыстылығының айырмашылығы жоқ сияқты. Десек те, жас балалар ретінде 9-13 жас аралығындағы балалар танылатындықтан, олардың тарапынан орын алған әрбір қауіпті әрекет қоғамның бірден назарын аудартары сөзсіз.

Он төрт жас — әлеуметтік-психологиялық дамудың белгілі бір деңгейде қалыптасатынын көрсететін жас шамасы. Ал, 9-13 жас керісінше, әлеуметтік-психологиялық даму деңгейінің істеген іс-әрекетке толық жауап бермеуінің нәтижесі ретінде сараланады.

Откенге көз жүгіртсек, жас балалар қылмысының белең алуы революцияға дейінгі, кейінгі кезеңдерде байқала бастады. Соғыстан кейінгі жылдар ата-анасынан айырылған балалар қылмысының канатын кең жая бастағанын көрсетті. Жас балалар қылмысының тағы бір өсken кезеңі ретінде тоқсаныншы жылдар саналады. Осы үш кезеңді салыстырар болсақ, 9-13 жас аралығындағы балалар қылмысы жалпы қылмыстың 5-6 пайызын қураған, бұл мемлекет алдына қылмыспен күрестің нақты әдіс-тәсілін заң нормасы арқылы бекітуді кезек күттірмес мәселе ретінде қоюды талап етті.

Жас балалар қылмыстылығының алдын алу — қылмыстылықтың салдарымен емес, нақты себептерімен күресуді мақсат етеді.

Қылмыстылықтың алдын алу — қылмыстың себептері мен жағдайларын жоятын немесе оларды бейтараптандыратын және сол арқылы қылмыстың, оның ішінде жас балалар мен жасөспірімдер арасындағы қылмысты азайтуды, одан әрі жоюды қамтамасыз ететін мемлекеттік, әлеуметтік сипаттағы шаралардың көп деңгейлі жүйесі болып табылады.

Өзімізге белгілі, жас балалар мен жасөспірімдер қылмыстық құқық бұзушылықтарының алдын алу мәселесі заңгер-ғалымдар (Е.І. Қайыржанов, М.С. Нарықбаев, Ө.С. Жекебаев) еңбектерінде зерттеліп, әлі де болса зерттелетін өзекті мәселе болып қалып отыр.

Заң ғылымдарының докторы Е.І. Қайыржанов «жас балалар арасындағы құқық бұзушылықтың себептерін жою мақсатындағы қоғамдық қатынастарды әлеуметтік реттеу маңызды рөл атқарады» [1, 39] деген болатын.

Ғалым Ө.С. Жекебаев болса, «жас балалар құқық бұзушылығы мен қылмыстық құқық бұзушылығы орын алса, оның алдын алу үшін экономикалық, әлеуметтік, тәрбиелік,

педагогикалық, ұйымдастырушылық-құқықтық шараларды жандандыра білу керек» [2, 56] екендігін айтқан.

М.С. Нарықбаев «...жас балалар құқық бұзушылығын ескерту, алдын алу — оларға психологиялық жағынан әсер етумен тікелей байланысты» [3, 36] деп көрсеткен.

Ғалымдардың пікірімен келіспеске болмайды, себебі, жас балалар кәмелетке жасқа толған кезде құқық бұзушылықтың жоғары баспалдағы қылмыстық құқық бұзушылық жасамас үшін оларға алған ала комплекті түрде әсер еткен дұрыс. Яғни ғалымдар атап өткен «қоғамдық қатынастарды әлеуметтік реттеу», «экономикалық, әлеуметтік, тәрбиелік, педагогикалық, ұйымдастырушылық-құқықтық шараларды жандандыра білу», «оларға психологиялық жағынан әсер ету» — бәрі-бәрі біздің ойымызша, нәтижесін беретін шаралар болмак.

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша, жыл сайын орта есеппен сегіз мыңға жуық қылмыс жасаған кәмелетке толмағандар анықталады, олардың жартысына жуығы қылмыстық жауапкершілікке тартылады екен [4].

Нақты мәліметтер кәмелетке толмағандар ұрлық, тонау, алаяқтық, бұзақылық, автомобильді заңсыз иелену, қорқытып алушылық, денсаулыққа қасақана ауыр және ауырлығы орташа зиян келтіру сияқты басқа да қылмыстар жасап, қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Бұл жерде айтпағымыз, жас балалар (9-13) жасаған қылмыстар жалпы статистикаға кіретіндіктен, оларды қөбінесе, «қылмыс құралы» ретінде пайдалану фактісі орын алғындығын жоққа шығара алмаймыз.

Тәжірибе көрсеткендей, жас балалар мен жасөспірімдердің қылмыстық құқық бұзушылыққа баруы материалдық қажеттіліктерін қанағаттандырудан басталады. Оған әсер ететін бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнама, бай болуға аңсарын аудартатын кинофильмдер де ықпал етеді.

Осы жерде тағы да зерттеуші ғалым — зангерлердің (Е.О. Алауханов) деректеріне жүгінсек, жас балалар мен жасөспірімдер жасаған қылмыстардың басым көшілігі (20-30 %) пайда табумен байланысты. Сондықтан, жас бала болсын, жасөспірім болсын өзімен жасты не жасы кіші балаларды «ұрып-согамын деп» қорқыту арқылы ақша, телефон бопсалау, тартып алу, тамақ пен сусын сатып алдырту сияқты әрекетке баратынын дәлелдеген.

Жалпы мектеп оқушыларының үш тобын ажыратуға болады, олар:

- тұрақты қылмыстық бағыты бар мектеп оқушылары;
- қыын қаржылық немесе дисфункционалды отбасылық жағдайға, психологиялық дамудағы ауытқуларға және басқа факторларға байланысты зорлық-зомбылыққа бейім (тәуекел тобы);
- қылмысқа қарсы тұрақты бағдары бар, зорлық-зомбылық көрсетуге жол бермейтін тұлғалар.

Бұл топтардағы мектеп оқушыларының санының өсу деңгейі мектеп жағдайындағы жағдайдың жақсарғанын немесе нашарлағанын көрсетеді. Сондықтан, қазіргі кезде мұндай топтар белен алса, тез арада шара қолдану, ескерту, алдын алу бірден жүзеге асу керек.

Ресейлік ғалым А.В. Селяниннің пікірінше, жас балалар арасында қараусыз, қадағалаусыз қалған балалар көп болмаса да, барышылық, олардың үйден кетуі, қайыр сұрауы, тіпті, қылмыс жасауы да кездесетін жайт. Истеген қылмысы үшін олардың жазаланбай қалуы — жаңа қылмыстарды істеуге итермелейді [5, 184]. А.В. Селянин бұл жерде сөз қараусыз, қадағалаусыз қалған балалар ретінде балаларын қамтамасыз ету үшін бірінші орынға жұмысты, екінші орынға тәрбиені қоятын, үнемі жұмыста болатын ата-аналар жөнінде екенін атап көрсеткен.

Біздің ойымызша, қараусыз, қадағалаусыз қалған жасөспірім өзін еркін сезінеді, еркіндік ойына алған ниет пен алдына қойған мақсатты істеуге итермелейтіні анық.

Жасөспірімнің ойы қылмыстық ниет пен қылмыстық мақсат болса, нәтижесі кінәлілік, қылмыстық жауаптылық екені айтпаса да түсінікті.

Осы орайда профессор Ө.С. Жекебаевтың қылмыстылықты ескертудің тиімділігі — қылмыстылықты ертерек тауып, алдын алуда...» деген сөздерін айтпасқа болмайды. Дәл осындай пікірді академик М.Ә. Төлеген де қолдаған. М.Ә. Төлеген қылмыстылықты «...қоғамның алдында тұрған ең күрделі мәселенің бірі...» [6, 96] екенін айта келіп, нақты шаралардың маңыздылығын көрсеткен.

Тағы бір айта кетерлік жайт, жас балалар мен жасөспірімдерге құқықтық сана, құқықтық білім, құқық бұзушылық, қылмыстық теріс қылық, қылмыс, жауаптылық жөнінде құқықтық тәрбие беру артықтық етпейді.

Сонда ғана біз қозғаған мәселе «...қылмыстылықпен құрестің негізгі құралы ретінде қылмыстық-құқық нормасын дұрыс пайдалану, құрестің қылмыстық-құқықтық шараларының тиімділігін әлеуметтік деңгейде зерттеу, оқып үйрену тұрғысынан көрінеді. Осыдан барып, тиімділіктің дұрыс жолын тандап, алдын алу тиімділігі сапасын көтеруге мүмкіндік туады» [7, 140].

Жас балалар мен жасөспірімдер қылмыстылығының алдын алуға мемлекеттік деңгейде істелген, істелетін, жүзеге асқан, асып жатқан шаралар өте көп. Жасөспірімдердің қылмыстық құқық бұзушылығын реттейтін әкімшілік, азаматтық, қылмыстық заң нормалары да нақты заң шенберінде жүзеге асуда. Сондықтан, басты мақсат — Қазақстан Республикасындағы жас балалар мен жасөспірімдер қылмыстық құқық бұзушылығын тұп тамырымен жойып жібермесек те, ескерту, алдын алу, азайту мәселелері басты мақсат болып қала бермек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Кайыржанов Е.И. Криминология (Общая часть): Учебн. — Алматы, 2000. — С. 50.
2. Джекебаев Ө.С. Соучастие в преступлении. — Алма-Ата, 1981. — 56 б.
3. Нарикбаев М.С. Подросток и закон. — Алматы, 2004. — С. 36.
4. Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурының құқықтық статистика және арнағы есепке алу жөніндегі комитеттің мәліметтері [Электронды ресурс] кіру бағыты: <https://www.gov.kz/memleket/entities>
5. Селянин А.В. Криминология. — М.: МИЭМП, 2012. — С. 184.
6. Төлеген М.Ә. Ұлы дала заңы — Тәуке ханың «Жеті жарғысы» // «Хабаршы — Вестник» Карагандинской академии МВД РК им. Б. Бейсенова. — 2021. — № 3(73). — С. 94–99.
7. Орсаева Р.А. Қазақстан Республикасындағы кәмелетке жасы толмағандардың қылмыстық жауаптылығы (қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспекттері): Монография. — Өске-мен: ШҚМУ «Берел» баспасы, 2015. — 140 б.

#### **Төлеген М.А.,**

*ректор, профессор, кандидат юридических наук, доктор философии (PhD),*

*академик Академии педагогических наук РК*

*(e-mail: Mukhtar\_T80);*

#### **Орсаева Р.А.,**

*кандидат юридических наук (PhD), ассоциированный профессор*

*(Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова, Республика Казахстан,*

*г. Усть-Каменогорск, e-mail: r\_orsaeva\_60@mail.ru)*

#### **Проблемы предупреждение детской преступности Республики Казахстан**

**Аннотация.** Детская и подростковая преступность была и остается остройшей социальной проблемой. Она существует столько, сколько существует сама преступность, и не решена в полной мере ни в одном обществе. Это очевидно, но не безнадежно, как очевидно и то, что одними педагогическими или правоохранительными мерами данную проблему не решить. Поэтому помимо профилактики необходимо повышение правосознания и правовых знаний несовершеннолетних. В статье рассматриваются вопросы предупреждения преступности несовершеннолетних, профилактики и эффективности борьбы с преступностью.

*Ключевые слова:* подросток, уголовное правонарушение, предупреждение, профилактика, проблемы эффективности.

**M.A. Tolegen,**

*Rector, Professor, Candidate of Legal Sciences, Doctor of Philosophy (PhD),  
Academician of the Academy of Pedagogical Sciences of the Republic of Kazakhstan  
(e-mail: Mukhtar\_T80);*

**R.A. Orsaeyva,**

*Candidate of Legal Sciences (PhD), Associate Professor  
(S. Amanzholov East Kazakhstan University, Republic of Kazakhstan,  
Ust-Kamenogorsk c., e-mail: r\_orsaeva\_60@mail.ru)*

### **Problems prevention of child crime Republic of Kazakhstan**

*Annotation.* Juvenile delinquency has been and remains an acute social problem. It exists as long as crime itself exists, and has not been fully resolved in any society. This is obvious, but not hopeless, just as it is obvious that it cannot be solved by pedagogical or law enforcement measures alone. Therefore, prevention is necessary to increase legal awareness and legal knowledge of minors. In article is considered приступность amongst minor. The Author the problems of the legal knowledges and her(its) infusing to minor. Also consider the question about warning of criminality minor.

*Keywords:* teenager, criminal offense, prevention, prevention, efficiency problems.



УДК 343.1

**Шукенов Н.С.,**

*старший научный сотрудник центра по исследованию проблем следственной  
деятельности ОВД НИИ, магистр юриспруденции, подполковник полиции  
(Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова,  
г. Караганда, Республика Казахстан, e-mail: karaganda1286@mail.ru)*

### **Отличительные признаки согласительных процедур и согласования процессуальных решений в уголовном процессе Республики Казахстан**

*Аннотация.* В статье рассматриваются точки зрения ученых-процессуалистов относительно сущности, содержания и значения согласительных (примирительных) процедур в уголовном судопроизводстве Республики Казахстан. Подвергается критике отнесение согласительных процедур к процедурам согласования процессуальных решений, так как они по своей юридической природе не являются сходными, имеют разные цели в уголовном судопроизводстве и правовые последствия. Анализируются признаки согласительных процедур, позволяющие ограничить их от процедур согласования процессуальных решений в уголовном судопроизводстве. По мнению автора, основным отличительным признаком согласительных процедур является их договорная природа между стороной обвинения и стороной защиты, что не присуще процедурам согласования процессуальных решений. Автор приходит к выводу, что согласительные процедуры — это отдельный институт в уголовном процессе, имеющий свое предназначение и договорную природу, не характерные процедурам согласования процессуальных решений.

*Ключевые слова:* согласительные производства, согласование, прокурор, следственный судья, следователь, дознаватель, потерпевший, подозреваемый, процессуальное решение.

Совершенствование уголовно-процессуального законодательства Республики Казахстан практически постоянно сопровождается активным обсуждением в науке уголовно-процессуального права вопросов реформирования уголовного судопроизводства и целесообразности использования механизмов ускоренного, упрощенного производства по уголовным делам, применение которых не только не вступало бы в противоречие с уголовно-

процессуальными принципами, но позволяло бы без ущемления интересов участников уголовного процесса и государства учитывать законные интересы граждан при разрешении надлежащим образом и в разумный срок возникающих в этой сфере правовых конфликтов.

К таким правовым механизмам в уголовном процессе относятся согласительные процедуры или, как их ещё называют, примирительные (договорные) производства. По справедливому мнению Г.В. Абшилавы, значение развития в уголовном судопроизводстве института согласительных процедур заключается не только в снижении затрат на такую государственную деятельность, как борьба с преступностью, но и в повышении качественных показателей регулирования уголовно-процессуальных отношений [1].

К вопросу о правовой природе, сущности, содержании и значении согласительных процедур в уголовном судопроизводстве обращались многие исследователи. При этом в юридических источниках при рассмотрении дифференцированных форм уголовного судопроизводства наряду с понятием «согласительные процедуры» используются понятия «компромиссные модели судопроизводства» [2] и «договорные механизмы разрешения правовых споров» [3]. Предположительно, их можно поставить в один синонимичный ряд. В справочной литературе понятие «договор» раскрывается через понятие «соглашение» [3], а латинским эквивалентом последнего является понятие «компромисс», в основе содержания которого лежит достижение согласия сторон путем взаимных уступок [4].

Г.В. Абшилава считает, что согласительная процедура, будучи разновидностью уголовно-процессуальной формы, представляет собой урегулированную нормами УПК деятельность участников уголовного судопроизводства, специфика которой заключается в направленности этой деятельности на получение юридически значимого результата посредством согласования своих позиций [1].

С точки зрения Т.Б. Саркисяна содержательная сторона согласительных процедур как уголовно-процессуальной формы компромиссного решения, целью которого является достижение желаемого исхода производства по уголовному делу, заключается, во-первых, в определении условий такого компромисса, во-вторых, в их выполнении [5]. Такой же позиции придерживается Ю.В. Кувалдина, именуя их «компромиссными производствами» и понимая под ними основанные на взаимном согласии участников уголовно-правового конфликта процессуальные конструкции [2].

Представленные выше позиции учёных-процессуалистов демонстрируют единый подход к определению согласительных процедур — достижение согласия между участниками уголовного судопроизводства по поводу дальнейших уголовно-процессуальных отношений участников уголовного процесса. Мнения учёных отличаются относительно видов таких процедур и их количестве в уголовно-процессуальном законе.

Например, Т.Б. Саркисян в уголовно-процессуальном праве выделяет две согласительные процедуры [5]. Данная позиция обусловлена дифференциацией таких понятий, как «согласие» и «соглашение», а существенным признаком согласительной процедуры, отличающим ее от процедур согласования процессуальных решений, по его мнению, является именно наличие соглашения. То есть, он именует это как «соглашение о заглаживании причиненного преступлением вреда» и досудебное соглашение о сотрудничестве [5].

По мнению Е.В. Мильтовой, к согласительным процедурам относится только заключение досудебного соглашения о сотрудничестве, а также любые процедуры, предполагающие получение разрешения (утверждения) на принятие процессуальных решений и производство процессуальных действий [6].

В связи с этим, для дифференциации согласительных процедур и иных уголовно-процессуальных механизмов необходимо провести анализ точек зрения учёных-процессуалистов и выделить существенные признаки, которые служат критериями согласительных процедур, так как, по нашему мнению, они имеют отличия от процедур согласова-

ния процессуальных решений. Однако с данной точкой зрения мы не можем согласиться в полной мере. По нашему наблюдению, данный вывод демонстрирует слишком узкий подход к определению согласительных процедур. Действительно, чтобы заключить соглашение, необходима предварительная договорённость между участниками процесса, поэтому они должны сначала прийти к этому согласию. Понятие «соглашение» находится в отношении подчинения к понятию «согласие». Вместе с тем, Ю.В. Кувалдина отмечает, что не всегда применение основанной на согласии сторон процедуры нуждается в ее оформлении письменным соглашением [2]. Нам более близка точка зрения Г.В. Абшилавы, который к согласительным процедурам относит все предусмотренные уголовно-процессуальным законом механизмы, которые имеют основанную на согласии сторон договорную природу [1].

С этой позиции можно критически оценить и точку зрения Е.В. Мильтовой, относящей к согласительным любые процедуры, предполагающие получение разрешения (утверждения) на принятие процессуальных решений и производство процессуальных действий [6].

Уголовно-процессуальным законом предусмотрено согласование процессуальных решений, принятых органом уголовного преследования, когда в процессе реализации этих решений могут быть ущемлены законные права и свободы граждан. При этом процедура согласования принятия решений, под которой понимается, во-первых, получение согласия властного субъекта познания и которая имеет тем самым субординированный характер, во-вторых, является обязательной процедурой в силу требований уголовно-процессуального закона и поэтому не зависит от воли субъекта, который принял это процессуальное решение. Процедура согласования вышестоящего субъекта познания позволяет свести к минимуму принятие необоснованных, неверных, неграмотных решений и, соответственно, не допустить фактов нарушения конституционных прав и свобод граждан.

Соответственно, со стороны начальника следственного отдела целью согласования в рамках ведомственного контроля является предварительная проверка и оценка принятого процессуального решения. Со стороны прокурора в рамках прокурорского надзора такой целью выступает обеспечение законности принятого процессуального решения. Со стороны следственного судьи в рамках судебного контроля – обоснованность и необходимость принятого процессуального решения.

Таким образом, процессуальные решения субъектов уголовного процесса, ведущих производство по уголовному делу, приобретают юридическую силу лишь после их согласования с прокурором, руководителем следственного органа, начальником органа дознания или судом, при отсутствии которого принятые процессуальные решения не имеют юридической силы и становятся незаконными.

Безусловно, согласование следователем, дознавателем (то есть подчиненными субъектами уголовного судопроизводства) с руководителем следственного органа и прокурором своих процессуальных решений и основанных на этих решениях процессуальных действий предполагает согласие последних с принимаемыми подчиненными лицами решений [7]. Тем не менее, это не означает «осуществления ими согласованных действий», как считает Е.В. Мильтова [6]. По мнению Г.В. Абшилавы, в согласовательных процедурах «договорной момент представлен минимально» [1].

В самом общем смысле соглашение — это договоренность по поводу взаимодействия, а процедура согласования таковой не является. В данном случае считаем, что понятия «соглашение» и «согласование» отождествлять недопустимо в силу их принципиально различной правовой природы.

Кроме этого, основным отличительным моментом между институтами согласования и соглашения является то, что участники уголовного процесса имеют право вступать в согласительные процедуры или не вступать по своей воле, а случаях согласования процессуальных решений у следователя, дознавателя нет такого права: закон обязывает их согласовывать при-

нятое процессуальное решение с вышестоящим должностным лицом. Следовательно, в случае с согласованием процессуального решения договорных отношений не возникает. Имеют место отношения подчиненности и выполнения предусмотренных процедур согласования в строго определенном порядке.

На наш взгляд, существенным отличием процедур согласования процессуальных решений от согласительных процедур является то, что:

- во-первых, у участников уголовного процесса имеются властные полномочия и отношения подчиненности;
- во-вторых, согласование процессуальных решений влияет на ход расследования уголовного дела;
- в-третьих, согласование процессуальных решений является обязательным в силу требований уголовно-процессуального законодательства.

В случае с согласительным производством достижение согласия сторон участников уголовного процесса предполагает их взаимные уступки, проявление договорного характера отношений, что в корне отличает их от процедур согласования процессуальных решений.

Вместе с тем, в случае процедур согласования процессуальных решений действуют обязательные нормы закона и не возникает альтернативных вариантов развития процессуальных отношений. В согласительных процедурах, напротив, отношения возникают по личному волеизъявлению подозреваемого лица, как, например, в случаях прекращения уголовного дела с согласия потерпевшего и применения института примирения.

На основании изложенного приходим к выводу об имеющихся существенных отличительных признаках между согласительными процедурами и процедурой согласования процессуальных решений, как по форме, так и по содержанию.

К согласительным процедурам необходимо отнести уголовно-процессуальные отношения, которые возникают между участниками уголовного процесса, занимающими противоположные позиции в деле (сторона защиты и сторона обвинения), и имеют договорную природу. Например, при прекращении уголовного дела по нереабилитирующему основаниям потерпевший и подозреваемый приходят к компромиссу (договор или заявление о заглаживании вреда) и обращаются с ходатайством к лицу, производящему досудебное расследование, о примирении и желании прекращения уголовного дела.

При согласовании процессуальных решений в процедуре участвует властный субъект познания, который и является инициатором согласования решения. Кроме того, процедуры согласования процессуальных решений являются обязательными (не инициативными) в силу требований уголовно-процессуального закона и безальтернативными (не предполагают дальнейшего движения дела без согласования решения).

#### **Список использованной литературы:**

1. Абшилава Г.В. Согласительные процедуры в уголовном судопроизводстве Российской Федерации: Автореф. дис. ... д-ра юрид. наук: 12.00.09. — М., 2012.
2. Кувалдина Ю.В. Предпосылки и перспективы развития компромиссных способов разрешения уголовно-правовых конфликтов в России: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.09. — Самара, 2011.
3. Большой юридический словарь / Под ред. А.Я. Сухарева, В.Е. Крутских. 2-е изд., перераб. и доп. — М.: ИНФРА-М, 2004.
4. Краткий словарь иностранных слов / Авт.-сост. Е.А. Гришина. — М.: Астрель; АСТ, 2002.
5. Саркисян Т.Б. Согласительные процедуры в уголовном судопроизводстве и их применение в стадии предварительного расследования: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.09. — Краснодар, 2012.

6. Мильтова Е.В. Согласительные процедуры в российском уголовном процессе: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.09. — Тюмень, 2011.

7. Шукенов Н.С., Абейов Д.А. Совершенствование законодательства по вопросам согласия для принятия процессуального решения // «Хабаршы — Вестник» Карагандинской академии МВД РК им. Б. Бейсенова. — 2021. — № 2. — С. 50.

**Шукенов Н.С.,**

*F3I IIO тергеу қызметінің проблемаларын зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкери, заңтану магистрі, полиция подполковнігі (Қазақстан Республикасы IIM Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: karaganda1286@mail.ru)*

**Қазақстан Республикасының қылмыстық процестегі процесуалдық шешімдерді үйлестіруден татуастыру рәсімдерінің айрықша белгілері**

*Аннотация.* Мақалада автор Қазақстан Республикасының қылмыстық сот ісін жүргізу дегі бітімгершілік (татуласу) рәсімдерінің мәні, мазмұны мен маңызына қатысты ғалымдар — процессуалисттер көзқарастарын қарастырады. Бітімгершілік рәсімдерді процесуалдық шешімдерді келісу рәсімдеріне жатқызу сынға алынады, ойткені олардың құқықтық табигаты бойынша ұқсас емес, қылмыстық сот ісін жүргізу дегі мақсаттары мен құқықтық салдары әртүрлі. Татуласу рәсімдерінің белгілері талданады, бұл оларды қылмыстық сот ісін жүргізу дегі процесуалдық шешімдерді келісу рәсімдерінен ажыратуға мүмкіндік береді. Авторы Автор бітімгершілік рәсімдердің басты ерекшеленетін белгісі олардың процестік шешімдерді келісу рәсімдеріне тән емес айыптау мен қорғау арасындағы шарттық сипаты деп санайды. Бұл белгілер оларды процесуалдық шешімдерді келісу рәсімдерінен ажыратуға және бітімгершілік рәсімдер қылмыстық процесте келісу рәсімдеріне тән емес өзіндік мәсіні мен шарттық сипаты бар жеке институт болып табылады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. процесуалдық шешімдер туралы.

*Негізгі сөздер:* бітімгершілік іс жүргізу, келісім, прокурор, тергеу судьясы, тергеуші, анықтаушы, жәбірленуші, сезікті, іс жүргізу шешімі.

**N.S. Shukenov,**

*Senior researcher at the Center for the Study of Investigative Activities of the Internal Affairs Research Institute, Master of Law, Lieutenant Colonel of the Police (Karaganda Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after B. Beisenov, Karaganda, Republic of Kazakhstan, e-mail: karaganda1286@mail.ru)*

**Distinctive features of conciliation procedures from the harmonization of procedural decisions in the criminal process of the Republic of Kazakhstan**

*Annotation.* The author in the article considers the points of view of scientists — proceduralists regarding the essence, content and significance of conciliation (conciliation) procedures in the criminal proceedings of the Republic of Kazakhstan. The assignment of conciliation procedures to the procedures for agreeing on procedural decisions is criticized, since they are not similar in their legal nature, have different goals in criminal proceedings and legal consequences. The signs of conciliation procedures are analyzed, which make it possible to distinguish them from the procedures for coordinating procedural decisions in criminal proceedings. By The author believes that the main distinguishing feature of conciliation procedures is their contractual nature between the prosecution and the defense, which is not inherent in the procedures for agreeing on procedural decisions. These features make it possible to distinguish them from the procedures for agreeing on procedural decisions, and to conclude that conciliation procedures are a separate institution in the criminal process, which has its own purpose and contractual nature, which is not typical for the procedures for agreeing on procedural decisions.

*Keywords:* conciliation proceedings, agreement, prosecutor, investigating judge, investigator, interrogator, victim, suspect, procedural decision.



**КЕСІБИ ДАЙЫНДЫҚТЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТИН  
ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ЖЕТИЛДІРУ  
СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ И  
СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПРАВООХРА-  
НИТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ  
IMPROVEMENT OF PROFESSIONAL TRAINING AND SOCIAL AND  
PSYCHOLOGICAL SUPPORT OF LAW ENFORCEMENT**

ӘОЖ 00.09.00

**Абугалиев Қ.Н.,**

*Ғылыми-зерттеу институты IIO тарихын зерттеу орталығының бастығы,  
филология ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі  
(e-mail: kanat\_an@mail.ru);*

**Қ. Монай,**

*Ғылыми-зерттеу институты IIO тарихын зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкери,  
гуманитарлық ғылымдар магистрі, полиция капитаны  
(Қазақстан Республикасы IIM Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,  
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., e-mail: smailov\_kulyntai@mail.ru)*

**Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудагы  
генерал Шырақбек Қабылбаевтың орны мен рөлі**

*Аннотация.* Макалада Қазақ КСР ішкі істер министрі, ішкі қызметтің генерал-лейтенанты Шырақбек Қабылбаевтың өмір жолы мен қызметі және еңбек жолы зерделенген. Сондай-ақ III. Қабылбаевтың басшылығымен болған ішкі істер органдарындағы өзгерістер қарастырылады. Генерал III. Қабылбаев еңбек жолы және ол туралы естеліктер толығымен зерттелген. Макалада сонымен қатар ішкі істер органдарындағы өзгерістер жайында мәселелер қозғалған. Сонымен бірге қазақстандық патриотизмді қалыптастырудагы мәселелер айтылып, авторлар өзіндік көзқарастары мен ұсынымдарын ортага салған. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай академиясының аты азызға айналған генералы Қабылбаевтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Шырақбек Қабылбаевтың құрметті есімі берілді.

*Негізгі сөздер:* Тарих, патриотизм, Алаш, НКВД, милиция, Ішкі істер басқармалары, армия, ұлттық полкі, Жаңа Қазақстан.

XXI ғасырдың өзекті мәселелерінің бірі жастарға патриоттық тәрбие беру. Қай заманда болмасын адамзат алдында түрған ұлы мұрат-міндеттердің саналы үрпақ тәрбиелеу болыш табылады. Жаңа Қазақстан құру жолында жастардың бойында жоғары патриоттық сезімді және Отанына деген адалдықты қалыптастыру мәселесін тереңінен қарастырған жөн. Ол үшін жастарға ұлғі болар тұлғалардың өмір жолын және олардың отанға сінірген еңбегін тереңінен зерттеп оны насихатай қажет.

Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруда жас үрпаққа ғалымдарымыз, батырларымыз берілген адамдардың үлгі етіп көрсетеміз. Әрине ол — дұрыс. Біз өткенімізді жаңартып, жоғалтқанымызды таппасақ көптеген асыл мұраларымыздан айырыламыз. Рухани иммунитетімізді жолғалтамыз. Рухани иммунитетті жоғалту — ұлт пен ұлттық құндылықтарымыздың жойылып кетуіне әкелуі мүмкін. Ол үшін біз әрқашан жаңашылдыққа, ізденісте болуымыз қажет.

Сондықтанда, біздің осы мақаланы жазудағы мақсатымыз — қазақ халқының ірі тұлғасы XX ғасыр тұлғасы, Алаштың аялы азаматы, кезінде Қазақстанның белгілі қоғам және мемлекет қайраткері болған, Қазақ КСР ішкі істер министрі, ішкі қызметтің генерал-лейтенанты Шырақбек Қабылбаевтың орны мен рөлін анықтауда.

рақбек Қабылбаевтың еңбек жолын зерделеп, ішкі істер органдарының дамуы мен қалыптастында өшпес із қалдырған тұлғаны жан жақты зерттеп, оның орны мен рөлін көрсету болып табылады.

*қазақ тіл білімі кафедрасының қауымдастырылған профессоры,*

*филология ғылымдарының кандидаты*

*(e-mail: Kaliev-69@mail.ru);*

**Рамазанова Ж.С.,**

*журналистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры,*

*филология ғылымдарының кандидаты*

*(Академик Е. А. Бекетов атындағы Қарағанды университеті,*

*e-mail: zhanara\_sembek@mail.ru)*

**Ішкі істер органы қызметкерлерінің сөйлеу әдебі жайында**

*Аннотация.* Мақалада ішкі істер органы қызметкерлерінің күнделікті кәсіби қарым-қатынаста колданылатын сейлеу этикасының рөлі, ерекшелігі, оған тән негізгі белгілері қарастырылады. Ишкі істер органы қызметкерлерінің іскерлік тілдесім әдебі – ғылым, практика және әлемдік тәжірибемен жинақталған адамгершілік-этикалық талап, қағидат, норма, әрі ереже десек, оны сақтау іскерлік тілдесімдегі субъектінің өзара түсіністігі мен сенімін қамтамасыз етеді, олардың бірлескен іс-әрекетінің түпкі нәтижесі мен байланысының тиімділігін арттырады. Сондай-ақ мақала авторлары ішкі істер органы қызметкерлерінің қызметтік тілдесім ережесі ұғымдарына тоқтала келіп, кез келген мемлекеттік лауазымды тұлғаның әдеп ережесін қатаң сақтауы жоғары мәдениетті тәртіптің маңызды шарты екеніне де айрықша назар аударады.

*Негізгі сөздер:* әдеп (этика, этикет), сейлеу әдебі, сейлеу этикасының ерекшелігі, ішкі істер органы қызметкерлерінің іскерлік тілдесім әдебі, сауаттылық, сейлеу мәдениетін менгеру, адамгершілік қағидат, қызметтік тілдесім ережесі, мемлекеттік тіл, конституциялық ереже, қылмыстық лексика, жаргон, вулгаризм.

Әдеп (этика, этикет) әлеуметтік талапқа сай біздің мінез-құлқымызды реттеп отыратын қоғамдағы қалыптасқан ереже жиынтығы болса, онда сөйлеу әдебін (этика, этикетін) сөйлеу кезінде үстануға тиісті ереже ретінде айқындауға болады.

Бұл — тіл мен сөйлеудің кең таралты бірліктері. Ұзақ уақыт бойы жинақталған тілдік байлық, яғни тілдік бірлік әрбір қоғамда адамдар арасындағы тартыссыз, «қалыпты» қарым-қатынасты жеткізу үшін қызмет етеді [1]. Демек, бұл ізгі ниетті қарым-қатынасты анғартады. Және этикет қарым-қатынас кезінде сол әнгімеге лайықты айтылуға тиісті сөздер жиынтығын реттейді. Мысалы, біреу: «Нұрлыбек, асханаға барып келейік!» — десе, енді біреу: «Нұреке, алдыңызда жатқан кітаптарды қарап шығуға бола ма?», — деп рұқсат сұрайды. Біреуге «Сәлем!» деп айтатын болсақ, басқа біреуге олай деуге мүлде болмайды. Біз сөйлеу этикасын күнде қолданамыз. Адамдармен амандасамыз, алғыс айтамыз, кешірім сұраймыз, құттықтаймыз, тілек білдіреміз (тілейміз) және т. б. көніл айтамыз, кеңес береміз, біреуді шақырамыз. Бұның бәрін бірде ресми түрде, бірде бейресми түрде қолданамыз.

Сонымен, этикет және сөйлеу этикасы дегеніміз – белгілі бір қоғамда, адамдар ортасында қалыптасқан ереже мен норма. Ол ресми және бейресми тілдесім жағдайында әлеуметтік рөлдердің бөлінуіне сәйкес бірін-бірі реттеп отырады. Қоғам мүшелерінің қарым-қатынасы өзіндікі-өзгенікі, жоғары-төмен, үлкен-кіші, алыс-жақын, таныс-бейтаныс, тіпті жағымды-жағымсыз секілді сипатта екенін көрсетеді. Мысалы, бір бөлімде жұмыс істейтін қызметкер әріптестеріне: «Сәлем, жігіттер!», — десе, бұл тілдік қатынас олардың жақындығын, аралас-құраластығын білдіреді.

Ал өз бастығына олай деуге болмайды, бұл әдеп нормасына сай келмейді. Себебі ол жа-сы үлкен адамға немесе қызметтік лауазымы жоғары тұрған адамдарға әдеп ережесіне сәйкес назар аударып барып, сәлем беруі тиіс.

Сөйлеу этикасының ерекшелігі — ол қарым-қатынас кезінде ақпараттың деңгейін көрсетеді. Сөйлеу этикеті қарым-қатынас кезінде қалыптасады.

Сөйлеу этикетінің тағы бір ерекшелігі — ол адамдардың қарым-қатынасына жол ашады. Мәселен, қоғамдық көліктे біреуге «Ары тұршы!» десек, ол оны дөрекі әрекет деп қабылдайды да, өтінішіңіз орындалмай қалуы мүмкін. Ал, егер де «өтінем» деген сиқырлы сөзді қоссаңыз, онда оның бұйрық емес, өтініш екені түсінікті болады [2].

Сөздің этикетінің пәрменді құші – оның әлеуметтік және лингвистикалық айрықша құрылышында. Оның біріншісі – қоғамның талабы, этикалық норманы орындаудың міндеттілігі. Екінші белгісі – сөйлеу этикетін сақтап сөйлеудің маңыздылығы. Сондықтан да сөйлеу мәдениетін сақтау керек. Ушінші белгісі – сөйлеу этикеті адамның дұрыс іс-әрекетіне өсер етеді. Мысалы, рақмет десеніз, бұл – сіздің бір жақсылық жасағаныңыздың белгісі. Төртіншісі – сөйлеу әдебінің қалыптасқан тілдік құрылымында айтушы тұлға «мен» және «сен» деген адресат стереотип болады, соны сақтап сейлекен дұрыс.

Сөздің құдіреті шексіз. Ол ауруды емдейді, жаңыңа жазылмас жара салады, айбынды жауынды адал дос та етеді немесе достықты өшпенделікке айналдырады, жақындың қас қылады. Кейде тіпті адамдар арасын мәңгілікке ажырататын да сөз екенін есімізде сақтайық. Сондықтан да ерте заманда ойшылдар мұндай қауіпті қаруды абайлап қолдану керегін айтқан.

Іскерлік тілдесім әдебі (этикасы) – ғылым, практика және әлемдік тәжірибемен жи-нақтаған адамгершілік-этикалық талап, қағидат, норма және ереже. Оларды сақтау іскерлік тілдесімдегі субъектінің өзара түсіністігі мен өзара сенімін қамтамасыз етеді, олардың бір-лескен іс-әрекетінің түпкі нәтижесі мен байланысының тиімділігін арттырады.

Іскерлік тілдесім негізіне қызметтік маңызды мәселені, адам тағдырына қатысты нақты жауапкершілікті істі, материалдық және қаржылық шығынды шешу, сондай-ақ құқықтық қатынаста жиі болмаса да ыңғайсыздық салдар туғызатын субъектінің тілдесімін де шешу жатады.

Сондықтан тараптардың адамгершілік позициясы, шешімі мен тілдесімнің әлеуметтік нәтижесі маңызы рөл атқарады. Бұдан өзге, мекеме басшысы туралы сөз болған жағдайда, тілдесімнің этикалық мазмұны оның қарамағындағылардың адамгершілік көзқарасына және де олардың қызметтік әрекетінің сапасына тікелей әсер етеді. Сондықтан ішкі істер органы қызметкерлерінің іскерлік тілдесім әдебін білуі және менгеруі олардың қазіргі талапқа сәйкес дәрежесін танытатын көсіби мәдениетінің көрсеткіші болып табылады.

Ақпаратпен алмасу субъектімен тілдесімде белгілі бір психологиялық бағытты (қалыпты) қалыптастырады. Тілдесім сипаты бағыттың тәуелділігіне қарай тілдесімнің төрт деңгейінің бірінде өтеді:

1. Байланыс жасаушының (тілдесуішінің) позициясы жалған идеяға негізделеді, сондықтан ол жоққа шығарылып және іске алынбауы тиіс.

2. Байланыс жасаушының шартты позициядағы идеясы өз мәнінде рас делік, бірақ қалаулы нәтижеге қол жеткізуге кедергі болатындықтан, оларды жоққа шығарып және терістей қажет.

3. Байланыс жасаушының негізгі позициядағы идеясы дұрыс болғанымен, аталған сұраққа еш қатысы болмауы мүмкін.

4. Байланыс жасаушының позициясы дұрыс және нәтижелі идеяға негізделген, сондықтан оларды өз идеяныңға сәйкес талдап, сараптау қажет.

Біздің заманымыз — іскер, белсенді, өздігінен жол таба алатын адамдар заманы. Белсенділік, қыннан жол таба білетін іскерлік адамды көздеген мақсатына жеткізеді. Бұл — адамның ортамен іскерлік қарым-қатынас жасай білуіне, сөйлеу этикасын менгеруіне байланысты. Ұлы Абайдың: «Сөзіне қарай кісіні ал, кісіге қарап сөз алма», — деп айтқанындай, адам сөзі арқылы танылады.

Іскерлік қарым-қатынастың негізгі түйіні — тілдік ерекшелікті білу, сауаттылық, сөйлеу мәдениетін менгеру. Іскерлік қарым-қатынас — мекеме, кәсіпорын, өндіріс, өнеркәсіп саласында қызмет істейтін кіслердің қызмет бабында пікірлесуі, келіссөз жүргізуі, келісімшарт жасауы, қажет құжат алмасуы нәтижесінде болатын әрекет.

Іскерлік қарым-қатынас әдебі сөйлеушінің өз-өзіне жауапкершілікпен қарауынан, өзін ұстауынан, мінезінен, батылдығынан, тартымды, жағымды сөйлеуінен көрінеді.

Ортаға, пікірлесетін адамға құрметпен қарау, сәлемдесу, ұлттық дәстүрді сақтау — қалыптасқан норма. Тақырыпқа байланысты тілдік терминді дұрыс, білікті қолдану, тапқырлықпен, нақты, жүйелі сөйлей білу іскерлік әдебін танытады.

Іскерлік қатынаста тіл табысуға зиянын тигізетін нәрсе: тақырыпты жетік менгермеу, мағынасын түсінбеу, ойды дамытып әкете алмау, көпсөзділік, айтқанынан қайтпау, жігерсіздік, ұлшақтық т.б. болып табылады.

Іскерлік тілдесім белгіленген адамгершілік қағидатқа негізделуі тиіс. Солардың ішінде ең бастысы мыналар:

1. Іскерлік байланыстың негізіне іс (жұмыс) мүддесі жатады, алайда еш уақытта жекелік мүдде және өзіндік амбиция болмауы тиіс. Қарабайырлығына қарамастан, дәл осы ұстаным басқаға қарағанда көбірек бұзылады. Жеке мүддесіне келгенде барлығы бірдей үнемі қабілеттілік таныта алмайды, олар іс мүддесіне келгенде қарама-қайшылық әрекет танытады, әсіресе, істелген қылмысты соттардың бірауыздан келісіп, жазасыз қалдыруы олардың арұтына сын.

2. Тәртіптілік, яғни арсыздық қылық немесе тәртіпке қабілетсіздік мына сияқты қалыптасқан адамгершілік сапаға негізделеді: асқынған ар-ұят — былғанбаған өз арын адалдық пен ізгіліктің ең жоғары дәрежесі ретінде үнемі сақтауға тырысу және өзін-өзі құрметтеу құқығын айналасындағылар мойындастында өзіндік қадірін бекіту; оның қызметтік немесе әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, өзін кез келген адаммен бірдей ұстай білуі, (Ж.Ж. Руссо: «Адамгершіліктің ең биік дәрежесі — барлық адаммен оның материалдық жағдайына қара-

май, аралас болуы», — деп тұжырымдаған), моральдық тұрақтылығы, яғни адам қандай жағдайда болсын, өз қағидатынан ауытқымай, міндептілік, дәлдік, жауаптылық, өз сөзіне адалдық танытады.

3. Тілеуlestік, яғни адамдарға жақсылық жасауға, көмектесуге, ізгі іс жасауға деген құштарлық (Жақсылық — этиканың ең негізгі категориясы).

4. Құрмет көрсету, яғни байланыс жасаушының тәрбиелік-адамгершілік сапасы арқылы жүзеге асатын қадір-қасиетін құрметтеу. Олар — сыртайылық, ұғынушылық, қамқорлылық.

Әдеп (этикет) — бұл мінездегі тұрақтылық тәртіп, қоғаммен сыртайы қатынастағы ереже жиынтығы. Әдеп ережесі мәдениетті түрде тілдесімдегі тіл тәртібі дегенді аңғартады. Қызметтік этикеттегі ең бастысы — сырт келбеті, тілдесімі, қымыл-қозғалысы, жүрістүрьесі, денесін тік ұстаяу, дауыс тоны, тілдесім кезіндегі әлеуметтік рөліне тән киімінің сипаты маневрына сәйкес келуі болып табылады.

Бұл талаптың маңызы қатаң тәртіpte өтетін салтанатты жиында арта түседі. Осы орайда, лауазымды тұлғалардың реңми киім киоі мен қымыл-қозғалысы қатаң бекітілген шектен шықпауы қажет, білмегендіктен немесе оған неміңдіктерден қарағандықтан, әдеп талабын орындауда өзінің жеке ар-намысын қорлау (түсіру) ретінде қабылданады. Және сол жиынға қатысып отырғандарға сыйластық көрсетпегендік болып табылады, түсініспеушіліктің тууына себепші болады [3].

Әдеп ережесін қатаң сақтау — жоғары мәдениетті тәртіптің маңызды шарты. Былайша айтқанда, «Киіміңе қарап қарсы алады, ақылыңа қарап шығарып салады». Алайда бұл қағиданы өте жақсы біліп тұрып та, қағида бойынша журу сіздің барлық адамға жағатыныңызға, барлығына жақсы әсер қалдыратыныңызға кепілдік бермейді. Мұндай қателікті болдырмас үшін өз бойыңызда қарым-қатынас жасайтын адамыңыздың қайғысын бөлісіп, қуанышына ортақтасатын сезімді қалыптастыра білу керек. Тілдесімнің дамыған түйсігі адамға өзіне қажетті шекті білуге, басқа адаммен дұрыс қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

#### Қызметтік тілдесім ережесі

1. Сөйлеу (тіл) мәдениеті полиция қызметкерінің кәсібілігінің маңызды көрсеткіші болып табылады және ол оны сауатты, дұрыс қолданудан, сондай-ақ ойды нақты жеткізуінен көрінеді [3].

2. Сөйлеу (тіл) мәдениеті ішкі істер органы қызметкерлеріне мынадай сөйлеу нормасын ұстануды міндептейді:

- айқындылық, яғни тілдесімнің қарапайымдылығы мен қол жетімділігін қамтамасыз етуі;
- сауаттылық, яғни қазақ әдеби тілінің жалпылама ережесін қолдануға негізделуі;
- мазмұндылық, яғни мәлімдеменің ойластырылуы, ойдан өткізілуі және ақпараттылығын бейнелеуі;
- логикалық, яғни ойды мазмұндаудағы жалғастылық, қарама-қайшылық тудырмауы және негізdemelігі;
- дәлелдемелілік, яғни ақпараттың ақиқаттығы және нақтылығы;
- сөйлеу тілінің қысқалығы және анықтығы;
- сөйлеу орындылығы, айтылатын ойдың нақты жағдаятқа қатысты қажеттілігі мен маңызды екенін білдіруі.

3. Қызметкер қазақ тілінің тазалығын сақтауы және тіл шүбарламауы тиіс. Қызметкердің сөйлеу тілінде мынадай қолданысқа жол берілмеуі тиіс: дөрекі қалжың мен кекесін (кең, зұлымдық тудырушы), мысқыл сөздер т. б.

4. Орынсыз сөздер мен сөйлеу оралымы, соның ішінде шет тілінен (орыс тілінен) енген кірме сөздер.

5. Вулгаризм, «паразит», боғауыз сөздер.

6. Белгілі бір әлеуметтік немесе ұлттық топтың атын кемсітетіндегі мазмұнды білдіретін (аңғартатын) сөздер мен сөйлемдер.

7. Адамның дене кемістігімен байланысты жеке басын қорлау сипатында жанды жаралайтын және бейәдеп айтылған сөздер.

ІО қызметкерінің сөйлеу тілінде бейәдеп боктық сөзді, адамды қаралайтын сөзді, адамға деген жағымсыз, жиіркенішті қарым-қатынасты айрықшалайтын әдепсіз лексика мен көргенсіз сөздерді қолдануға болмайды.

Оперативтік мақсатта қылмыстық лексиканы үйренген қызметкер жаргон мен қылмыстық субмәдениеттің басқа да элементін өз әріптері мен азаматтармен тілдесімінде қолданбауы тиіс.

Қызметкер түрлі ұлт азаматымен қызметтік тілдесім барысында (жағдайында), негізінен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі — қазақ тілін қолдану ұсынылады [4].

Сондай-ақ кәсіби білімдегі қызметтік тілдесім кәсіби дайындық процесінде курсанттардың мінез-құлқының, қарым-қатынасының және қызметінің ішкі реттеуін қалыптастыруға да ықпал етеді. Курсанттың білім беру процесінің субъектімен қарым-қатынас және іс-әрекет процесінде туындастырылған тілдік қатынас өмірлік және кәсіби бастаманы кеңейтеді, өзін-өзі да-мытуға, әрі танытуға әсер етеді [5, 117].

Қызметкер азаматтармен тілдесімде конституциялық ережені басшылыққа алуы қажет. Әрбір адам жеке өміріне қол сұғылмауы, жеке және отбасылық құпиясын, ар-намысын, қадір-қасиетін, өзінің абзал есімін қорғауға құқы бар.

Қызметкер қызметтік тілдесімді сәлемдесуден бастау (қызметтік формадағы киімде болса, бас киіміне қолын көтеріп сәлемдесу), қол алдысып сәлемдесуден қашқақтау, атын-жөнін, арнаулы атағын, өз қызметін атап таныстыру, сөйлесімнің мәлімдесудің мақсаты мен себебін қысқаша хабарлауы, азаматтардың өтініші бойынша қызметтік қуәлігін көрсетуі тиіс.

Өзінің талабы мен ескертуін орынды және сенімді түрде баяндап жеткізуі, егер қажет болса, айтылған ойды жай ғана сабырмен ашуына тимей түсіндіруі және қайталауы керек.

Азаматтардың сұрақтары немесе түсініктемесін зейін қоя тыңдалап, сөйлеушінің сөзін бөлмей, әңгімелесушіге тілекестігін және құрметін көрсетуі тиіс.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Головин Б.Н. Основы культуры речи: учебное пособие. — М.: Высшая школа, 1991. — 320 с.
2. Колтунова М.В. Язык и деловое общение. Нормы, риторика, этикет. — М.: Экономика, 2000. — 270 с.
3. Қаппасова Б.К. Тіл мәдениеті: Шешендік өнер: Оқулық. — Алматы, 2014 — 224 б.
4. Тамаева Б. Сөйлеу әдебінің қарым-қатынастағы прагматикалық көрсеткіші // Ұлагат, № 6, 2010.
5. Абугалиев Қ.Н. Курсанттардың адамгершілік ұстанымын қалыптастырудың кәсіби білімнің маңыздылығы // Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының «Хабаршы — Вестник» журналы. — 2021. — № 4 (74). — 117-б.

**Калиев Б.А.,**  
ассоциированный профессор кафедры казахского языкоznания,  
кандидат филологических наук  
(e-mail: Kaliev-69@mail.ru);  
**Рамазанова Ж.С.,**  
ассоциированный профессор кафедры журналистики,  
кандидат филологических наук  
(Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова,  
e-mail: zhanara\_sembek@mail.ru)

### **О речевой этике сотрудников органов внутренних дел**

*Annotation.* В статье рассматриваются роль и специфика речевой этики, используемой в повседневном профессиональном общении сотрудников органов внутренних дел. Этика делового общения сотрудников органов внутренних дел — это нравственно-этические требования, принципы, нормы и правила, выработанные наукой, практикой и мировым опытом, соблюдение которых обеспечит взаимопонимание и доверие субъектов делового общения, повысит конечный результат их совместной деятельности и эффективность связи. Авторы статьи также обращают внимание на понятие правил служебного общения сотрудников органов внутренних дел, подчеркивая, что строгое соблюдение правил этики каждым должностным лицом является важным условием высокой профессиональной культуры.

*Ключевые слова:* этика (этикет), речевая этика, специфика речевой этики, этика делового общения сотрудников органов внутренних дел, грамотность, владение культурой речи, нравственный принцип, правила служебного общения, государственный язык, конституционное положение, уголовная лексика, жаргон, вульгаризм.

**B.A. Kaliev,**  
Associate Professor of the Department of Kazakh Linguistics,  
Candidate of Philological Sciences  
(e-mail: Kaliev-69@mail.ru);  
**Zh.S. Ramazanova,**  
Associate Professor of the Department of Journalism,  
Candidate of Philological Sciences  
(Karaganda University named after Academician E.A. Buketov,  
e-mail: zhanara\_sembek@mail.ru)

### **On the speech ethics of employees of internal affairs bodies**

*Annotation.* The article examines the role, specificity, and the main features of speech ethics characteristic of it, used in everyday professional communication of employees of internal affairs bodies. Ethics of business communication of employees of internal affairs bodies-moral and ethical requirements, principles, norms and rules developed by science, practice and world experience, compliance with which will ensure mutual understanding and trust of subjects of business communication, will increase the final result of their joint activities and the effectiveness of communication. The authors of the article also pay attention to the concept of the rules of official communication of employees of internal affairs bodies, emphasizing that strict compliance with the rules of ethics by any public official is an important condition for high cultural discipline.

*Keywords:* ethics (etiquette), speech ethics, specifics of speech ethics, ethics of business communication of employees of internal affairs bodies, literacy, possession of speech culture, moral principle, rules of official communication, state language, constitutional provision, criminal vocabulary, jargon, vulgarity.



## **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ МЕЖДУНАРОДНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО И ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ INTERNATIONAL COOPERATION AND FOREIGN EXPERIENCE**

ӘОЖ 341.231.14

**Балтабаев С.А.,**

заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, ХАА академигі,

Қазақстан Республикасының заңгер одағының мүшесі

(Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: [baltabaev.sabyrgali@mail.ru](mailto:baltabaev.sabyrgali@mail.ru));

**Жалмаханов Ж. Ш.,**

Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің докторантты,

заң ғылымдарының магистрі, полиция капитаны

(Қазақстан Республикасы IIM Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,

Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., e-mail: [zh.zhalmakhanov@kpa.gov.kz](mailto:zh.zhalmakhanov@kpa.gov.kz))

**Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар: мәні мен мазмұны**

**(Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының**

**зандарын салыстыру негізінде)**

*Аннотация.* Ғылыми мақаланың тақырыбына сайн Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының заңнамасының құрылымдық және мазмұндық салыстыру жасалған. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай енгізілген кезде қолданылатын негізгі шаралар мен уақытша шектеулерге, төтенше жағдайдың мерзімі, жауапты мемлекеттік органдар туралы мәліметтер талданып көрсетілген. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай кезіндегі шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ азаматтардың қоғамға және мемлекет біртұтастығына экеп соктыратын зардалтары, айырмашылығы айтылып кеткен. Мақала қорытындысында ұсыныс ретінде берілген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ институты алдын-алу шарасы және Қазақстан Республикасының әлемдік аренадағы ерекшеліктеріне салыстыра келе ұсынылған.

*Негізгі сөздер:* төтенше жағдай, әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар, алдын алу, заңнама салыстыру, терроризм, негізгі шаралар, уақытша шектеулар.

Екі елдің заңнамалық жүйесінің жалпы қағидалары ортақ болғанмен, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және т.б. ішкі, сыртқы факторларға байланысты өзіндік ерекшеліктерінің болуы да заңды құбылыс [6]. Бұл екі мемлекеттің заңдарындағы ортақ ұқастықтар мен өзіндік ерекшеліктерді нақты заң негізінде дәйектеу керек болады. Салыстыру нысаны ретінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының «Төтенше жағдай туралы» заңдарын алып, әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайға қатысты ережелерін нақтыладап салыстыру арқылы ұқастықтары мен ерекшеліктерінің, заңдардың баптары, тармақтары және тармақшаларының мазмұндан теориялық, әдістемелік және тәжірибелік пікір, пайымдау, түйін жасап, біздің заңымызға ұтымды тұстарынан ұсыныстар жасауға талпынамыз.

Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайға тоқталмай тұрып, төтенше жағдай түсінігіне анықтама бере кеткен жөн. Төтенше жағдай дегеніміз — белгілі территорияда апаттың, стихиялы жағдайдың немесе катастрофалың салдарынан туындаған, адамдардың өліміне алды келуі мүмкін, адам денсаулығына зиян келтіретін, қоршаған ортаға және шаруашылық обьектілеріне зиян келтіретін, халықтың тіршілік қауіпсіздігі жағдайларын бұзатын және көптеген материалдық шығын келтіретін жағдай [1]. Аталған анықтамадан төтенше жағдайларды пайда болу себептеріне қарай табиғи сипаттағы, техногендік сипаттағы және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларға жіктеуге болады.

Ал әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай дегеніміз — адам шығындарына, денсаулыққа зиян келтіруге, елеулі мүліктік шығындарға немесе түргындардың тіршілік әрекеті жағдайы-

ның бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан әлеуметтік қатынастар саласындағы белгілі бір аумақта қайшылықтар мен жанжалдардың туындауымен байланысты төтенше жағдайлар. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар белгілі бір ерекшеліктеріне қарай жіктеледі, мысалы, пайда болу себебіне қарай абайсыздан, туындаған кездейсоқ жағдайлар, нақты адамдарға немесе қоғамдық күштерге байланысты емес іс-әрекеттер (көбінесе табиғи апартар, эпидемия және т. б.), әдейі немесе адамдар не қоғамдық топтар арандатқан оқиғалар (ұлтаралық және саяси қақтығыстар, соғыс және т. б.) болып бөлінеді. Уақыт ұзақтығына қарай қысқа уақытты (террористік акт, қастандық, бандиттік шабуыл, соғыс және т. б.) және ұзақ уақытты (инфляция, жұмыссыздық, этносаралық жанжалдар, соғыс және т. б.) болады.

Қазақстан Республикасының «Төтенше жағдай туралы» заңы 2003 жылғы 8 ақпанда қабылданды, 2015 жылы 10 қантар айында өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Заң 6 тарапу, 25 баптан түрады, I-тарау «Жалпы ережелер» 3 баптан; 1.1-тарау «Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимі» 4 баптан; II-тарау «Төтенше жағдайды енгізу мен оның құшін жоюдың шарттары, негіздері, тәртібі» 6 баптан; III-тарау «Төтенше жағдай кезеңіне енгізілетін мемлекеттік басқарудың арнайы органдары. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету» 6 баптан; IV-тарау «Төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар мен уақытша шектеулер» 2 баптан; V-тарау «Төтенше жағдай кезіндегі жеке және занды тұлғалар, сондай-ақ лауазымды адамдар құқықтарының кепілдігі және олардың жауапкершілігі» 7 баптан; VI-тарау «Қорытынды ережелер» 2 баптан түрады.

Ресей Федерациясының «Төтенше жағдай туралы» заңы 2001 жылғы 30 мамырда қабылданды, 2016 жылы 3 шілдеде өзгерістер енгізілді. Заң 6 тарау, 24 баптан түрады. I-тарау «Жалпы ережелер» 2-баптан; II-тарау «Төтенше жағдайды енгізу тәртібі мен мән-жайлары» 8 баптан; III-тарау «Төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар мен уақытша шектеулер» 5 баптан; IV-тарау «Төтенше жағдайды қамтамасыз ететін күштері мен құралдары» 6 баптан; V-тарау «Төтенше жағдай енгізілген территориядағы ерекше басқару» 6 баптан; VI-тарау «Төтенше жағдай кезіндегі азаматтар мен лауазымды тұлғалардың құқықтық кепілдіктері мен жауапкершілігі» 9 баптан; VII-тауар «Қорытынды ережелер» 7 баптан түрады [2].

Екі мемлекеттің «Төтенше жағдай туралы» зандарын құрылымдық және мазмұндық салыстыру негізінде олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айқындаپ көрейік.

Мазмұндық салыстыру кезінде, төтенше жағдайды енгізуінде мән-жайлары, негіздері, мемлекет президенттерінің төтенше жағдайға ену жарлығының мазмұны, төтенше жағдайдың енгізілу мерзімі, төтенше жағдай енгізілген территория бойынша коменданттың болуы, төтенше жағдай енгізілген кезде қолданылатын негізгі шаралар мен уақытша шектеулер бойынша ерекше көңіл бөлініп, салыстыруға алынды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымына қарай республика, ал Ресей Федерациясы федеративтік мемлекет болғандықтан, мемлекеттік органдар, кеңес немесе төтенше жағдайға жауапты органдар бір-бірінен ерекшеленеді. Сондықтан, мемлекеттің құрылымына қатысты салыстырулар мен ұсыныстар бойынша сауал қозғалған жок.

Республикамыздың занамасында әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдағы құқықтық режимге жеке 1-1 тарауы арналған. Бұл тарау, әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдағы құқықтық режимі; мемлекеттік органдардың әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі құзыреті; жедел штабтары; әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдары деген 4 баптан түрады.

Келесі ерекшелігі 4-баптың 2-тармағының, 1-тармақшасында төтенше жағдайды енгізуінде шарттары мен негіздері болып шектес мемлекеттер аумақтарынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы жаппай өтуден; Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын күштеп өзгертуге әрекеттеген; және жекелеген жергілікті жерлерді, аса маңызды және стратегиялық обьектілерді қоршап алудан немесе басып алудан; заңсыз қарулы құралымдарды дайындаудан және олардың әрекетінен; қарулы бүліктен; ди-

версиядан; қарулы қақтығысты қүштеп тану мақсатында басқа мемлекеттер тарарапынан жасалатын арандатушылық іс-әрекеттерден туындаған әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар 0амтылады. Сонымен қатар, табиғи сипаттағы төтенше жағдайға қосымша шарттар мен негіздерімен мазмұндық ерешеленеді. Оған ауыл шаруашылығы өсімдіктері мен ормандардың аурулармен және зиянкестермен закымдалуы, өнеркәсіптік, көліктік және басқа авариялар, өрттер (жарылыстар), қүшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық қауіпті заттар ауаға жайылатын (жайылу қаупі бар) авариялар, үйлер мен ғимараттардың кенеттен құлауы, су бөгеттерінің бұзылуы, тыныс-тіршілікті қамтамасыз ететін электрэнергетикалық және коммуникациялық жүйелердегі, тазарту құрылғыларындағы авариялар себеп болған және жағдайды дереу тұрақтандыруды, құқық тәртібін қамтамасыз етуді, қажетті құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін жағдай жасауды талап ететін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жатады. Сонымен қатар дүлей зілзалаңың немесе кең көлемді аварияның (апаттың) нақты қаупі де азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органның ұсынуы негізінде төтенше жағдай енгізуге негіз болуы мүмкін.

Мазмұндық ерекшелікке төтенше жағдай енгізілген кезде қолданылатын негізгі шаралар мен уақытша шектеулері заңнаманың 15-бабында көрсетілген. Олар:

15-баптың 2-тармағы «төтенше жағдай енгізілген жерде жүріп-тұру еркіндігін, оның ішінде көлік құралдары қозғалысының еркіндігін шектеу»;

3-тармағы «жеке тұлғалардың жеке басын куәланыратын құжаттарды тексеру, оларды жеке тексеру, олардың жаңындағы заттарын, көлік құралдарын тексеру»;

5-тармағына «...ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды, сондай-ақ тумен, үйлену тойымен, қайтыс болумен байланысты отбасылық салт-жораларды өткізуға тыым салу немесе шек қою» секілді қосымша шектеулер енгізілген;

10-тармағы «үкіметтік байланысты қоспағанда, байланыс желілері мен қуралдарының қызметін тоқтата тұру көзделеді».

Ресей Федерациясының Конституциялық заңының «Төтенше жағдайды енгізу мән-жайлары» деген 3-бабының «б» тармақшасында «...повлекшие (могущие повлечь) человеческие жертвы, нанесение ущерба здоровью людей...нарушение условий жизнедеятельности населения и требующие проведения масштабных аварийно-спасательных и других неотложных работ» төтенше жағдайды енгізу адам шығындары, адам денсаулығына залал келуі, өмір сүрудің жағдайының нашарлауы және т. б. жағдайлар қосымша негіздері болып көрсетіледі.

Келесі мазмұндық ерекшелігі Президент жарлығының мазмұнында. Ресей Федерациясының Конституциясының 61 бабына сәйкес Ресей азаматтары шетел азаматтығын (қос азаматтық) ала алады. Мемлекеттік құрылымына қарай көп ұлттық және қос азаматтық болғандықтан, 5-баптың «д» тармақшасында «...исчерпывающий перечень временных ограничений прав и свобод граждан Российской Федерации, иностранных граждан и лиц без гражданства» көрсетілген. Демек РФ төтенше жағдай болған жағдайда, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ азаматтарына уақытша құқықтық шектеу арқылы, төтенше жағдай болған жерде қауіпсіздік әрекеттерін арттырады. Сонымен қоса РФ 11-бабы «б» тармақшасында шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ азаматтардың төтенше жағдай енгізілген территорияға кіруінің шектелуі негізгі шаралар мен уақытша шектеулер болады.

РФ ТЖ заңының 3-бабы «а» тармағындағы төтенше жағдайды енгізу мән-жайлары кезінде қосымша қолданылатын шаралар мен уақытша шектеулер 12-баптың «ж» тармақшасында былай көрсетілген : «продление срока содержания под стражей лиц, задержанных в соответствии с уголовно-процессуальным законодательством Российской Федерации по подозрению в совершении актов терроризма и других особо тяжких преступлений, на весь период действия чрезвычайного положения, но не более чем на три месяца». Яғни аса ауыр немесе терроризм актісі қатысы бар деген қамаудағы адамдар 3 айға дейін РФ ҚДЖ заңнамасына сай қамауда ұстау туралы шаралар мен уақытша шектеулер қолданылады.

Қазақстан Республикасының «Төтенше жағдай туралы» заңының 2-тарау 6-бабының 5-тармақшасына «осы Заңға сәйкес енгізілетін шаралардың және жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ азаматтарының құқықтарын уақытша шектеулердің, сондай-ақ оларға қосымша жүктелетін міндеттердің тізбесі;» және 4-тарау 15-бап 2-тармақшасына «төтенше жағдай енгізілген жерде жүріп-тұру еркіндігін, оның ішінде көлік құралдары қозғалысының, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ азаматтарының кіру еркіндігін шектеу;» шетел азаматтары және азаматтығы жоқ азаматтар институтын енгізуі ұсынамыз. Басты негіз — Қазақстан Республикасының азаматы емес адамның елімізде тұрақтауының мақсат-мұддесін анықтау.

Әрекеттегі редакция	Ұсынылатын редакция
6-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің төтенше жағдайды енгізу туралы жарлығының мазмұны	6-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің төтенше жағдайды енгізу туралы жарлығының мазмұны
5) осы Заңға сәйкес енгізілетін шаралардың және жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың құқықтарын уақытша шектеулердің, сондай-ақ оларға қосымша жүктелетін міндеттердің тізбесі;	5) осы Заңға сәйкес енгізілетін шаралардың және жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ азаматтарының құқықтарын уақытша шектеулердің, сондай-ақ оларға қосымша жүктелетін міндеттердің тізбесі;
15-бап. Төтенше жағдай енгізілген кезде қолданылатын негізгі шаралар мен уақытша шектеулер 2) төтенше жағдай енгізілген жерде жүріп-тұру еркіндігін, оның ішінде көлік құралдары қозғалысының еркіндігін шектеу;	15-бап. Төтенше жағдай енгізілген кезде қолданылатын негізгі шаралар мен уақытша шектеулер 2) төтенше жағдай енгізілген жерде жүріп-тұру еркіндігін, оның ішінде көлік құралдары қозғалысының, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ азаматтарының кіру еркіндігін шектеу;

Біріншіден, туризмнің дамуы. Туризм индустрисының комитетінің баспасөз қызметінің мәлімдеуінше 2011–2013 жылдар аралығында Қазақстан Республикасында болған шетел азаматтарының саны 18,6 млн адамға жетті. 2011 жылы – 5,6 млн адам, 2010 жылға қарағанда 39 % артқан (2010 жылы – 4 млн адам); 2012 жылы – 6,1 млн адам, 2011 жылға қарағанда 8,4% көп; 2013 жылы – 6,8 адам, 2012 жылдан 11 % артқан [3]. Комитет берген статистикасына сүйене отырып елімізге шетел азаматтарының келу қарқыны артып келе жатқанын байқаймыз.

Келесі көңіл бөлөтін жайттар ол Қазақстан Республикасының шетел компанияларының болуы, оның ішінде негізгі бағыттаушы (өндіріс бастығы, маман т. б.) және басқарушы лауазымдарда жұмыс істеуі, ТМД және Азия мемлекеттерінен оқу мақсатында келген оқушылар (алмасу бағдарламасымен) мен студенттер. Оған дүниежүзілік саммиттер, спорт жарыстары және маңызды кездесулерді атауға болады. Мысалы үшін 2010 жылы 1-2 желтоқсан айында Астана қаласында өткен ЕҚЫҰ (ОБСЕ) саммиті; 2011 жылы қантар-ақпан айларында қысқы Азияда ойындары (Азияда – 2011); 2014 жылы 27 наурыз айында УЕФА Конгрессі; 2015 жылы 20 мамыр айында Дүниежүзілік жастар экономикалық форумы; 2015 жылы 10-11 маусым айында Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі болып өтті [4].

Үшіншіден, 2015 жыл Еуропаның онтүстік және онтүстік-шығыс шекарасында миграциялық кризистің қайталанбас оқиға ретінде тарихқа кірді. 2015 жылдың қыйкүйек

айнының жағдайына қарайтын болсақ, Жерорта теңізі арқылы 350 мың адам Еуропаға жетті. Бұл 2014 жылдың қыркүйек айымен салыстырғанда 60 % өскенін көрсетеді [5]. Миграция жағынан Еуропа елдерінің ішінде бірінші орында Германия одан кейін Австрия, Франция, Венгрия, Италия, Еуропа мемлекеттері және т. б. [6]. Сирия елінде болып жатқан азаматтық соғыстың әсерінен көші-қон мәселеі бұл көрсеткішті тоқтатпайды. Миграцияға байланысты айтылып отырған ақпарат, әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайға Еуропа елдерінде болып жатқан террористік актілердің қатысы бар.

2015 жылы 14 шілде күні Франция мемлекеті Ниццы қаласында болған. Жұк көлігін тізгіндеген шабуылдаушы көшеде журген адамдарды таптап, қашып құтылғандарын қарумен атқылаған. Теракт салдарынан 84 адам қайтыс болды. Террорлық шабуылды «Ирак пен Левант» террорлық ланкестік үйімі өз мойынына алды.

2015 жыл 13 қараша күні Париж қаласында ланкелтік сериясы болды. Оқ ату мен тұтқынға алу кезінде 140 адам қайтыс болды. Бұл жолы лаңкестік серияны «Ислам мемлекеті» террористік топ өз мойнына алды.

Ұйымдастырушы террористік топ шетел азаматтарынан құрылғаны және басқару ошағы шетелдерде орналасқан ақпарат көздерінен мәлім. Соңдықтан айтылып отырган ұсынып, әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай кезінде өзекті деп ойлаймыз. Дегенмен Қазақстан Республикасы территориясында болып жатқан әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар, шетел азаматтары немесе азаматтығы жоқ азаматтардан болмаса да, болашақта елімізге келіп жатқан шетел азаматтарының келу қарқыны қебейгендіктен өзекті болып түр. Сонымен қоса Еуропа және Азия мемлекеттерінің тәжірибесін есепке алып, алдын-алу шарасы ретінде заңнамаға енгізу керек.

Корыта келгенде, біріншіден, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының «Төтенше жағдай туралы» заңдарын салыстыру нәтижесінде олардың құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктері бар екендігіне көз жеткіздік, екіншіден, ең бастысы, мазмұндық сипатында Қазақстан Республикасының «Төтенше жағдай туралы» заңының жоғарғы редакциясында қосымша енгізегендегендегенде мазмұндық маңызды баптар бар екендігін ұсыныс ретінде баяндадық.

## **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандагы № 387 «Төтенше жағдай туралы» Заны // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000387\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000387_)
  2. Федеральный Конституционный закон Российской Федерации «О чрезвычайном положении» от 30 мая 2001 г. № 3-ФКЗ // [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_31866/](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_31866/)
  3. КР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы [strategy2050.kz](http://strategy2050.kz)
  4. Крупные мероприятия в Казахстане <https://www.caravan.kz/news/samye-krupnomasshtabnye-meropriyatiya-v-kazakhstane-sena-voprosa-363828/>
  5. Нурмаганбетов А.А. Проблемы обеспечения личной защиты сотрудников ОВД при массовых беспорядках // «Хабаршы — Вестник» Карагандинской академии МВД РК им. Б. Бейсенова. — 2017. — № 2. — С. 66–69.
  6. Миграция и беженцы в Европе: цифры и факты <http://www.swissinfo.ch/rus/>

**Балтабаев С.А.,**  
кандидат юридических наук, ассоциированный профессор, академик МАИН,  
член Союза юристов Республики Казахстан,  
(г. Караганда, Республика Казахстан, e-mail: [baltabaev.sabyrgali@mail.ru](mailto:baltabaev.sabyrgali@mail.ru));  
**Жалмаханов Ж. Ш.,**  
докторант факультета послевузовского образования,  
магистр юридических наук, капитан полиции  
(Карагандинская академия МВД РК им. Б.Бейсенова, г. Караганда,  
Республика Казахстан, e-mail: [zh.zhalmakhanov@kpa.gov.kz](mailto:zh.zhalmakhanov@kpa.gov.kz))

**Чрезвычайные ситуации социального характера: сущность и содержание  
(на основе сравнения законов Республики Казахстан и Российской Федерации)**

**Аннотация.** Авторами проведено структурное и содержательное сопоставление законодательства Республики Казахстан и Российской Федерации в соответствии с тематикой статьи. Проанализированы основные меры и временные ограничения, применяемые при введении чрезвычайного положения социального характера, сведения о сроках чрезвычайного положения, ответственных государственных органах, последствия чрезвычайных ситуаций социального характера для иностранных граждан и граждан без гражданства, влекущие за собой сплоченность общества и государства. В заключении статьи в качестве рекомендации предложен, институт иностранных граждан и лиц без гражданства как мера профилактики и особенности Республики Казахстан на мировой арене.

**Ключевые слова:** чрезвычайная ситуация, чрезвычайные ситуации социального характера, профилактика, сравнение законодательства, терроризм, основные меры, временные ограничения.

**S.A. Baltabayev,**  
*Candidate of Law, Associate Professor, academician of the IIA,  
member of the Union of lawyers of the Republic of Kazakhstan  
(Karaganda, Republic of Kazakhstan, e-mail: [baltabaev.sabyrgali@mail.ru](mailto:baltabaev.sabyrgali@mail.ru));*  
**Zh. Sh. Zhalmakhanov,**  
*doctoral student of the Faculty of Postgraduate Education,  
Master of Law Police Captain  
(Karaganda academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan  
named after B. Beysenov, e-mail: [zh.zhalmakhanov@kpa.gov.kz](mailto:zh.zhalmakhanov@kpa.gov.kz))*

**Social emergencies: the essence and content (based on a comparison of the laws  
of the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation)**

**Annotation.** In accordance with the topic of the scientific article, a structural and substantive comparison of the legislation of the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation is made. Information on the main measures and time restrictions applied in the introduction of a social emergency, the duration of the state of emergency, and responsible state bodies are analyzed. The consequences of the state of emergency of a social nature for foreign citizens and stateless citizens, which lead to society and the unity of the state, were noted. In the conclusion of the article, the Institute of foreign citizens and stateless persons is presented as a preventive measure and based on the characteristics of the Republic of Kazakhstan on the world stage.

**Keywords:** emergency situation, social emergencies, prevention, comparison of legislation, terrorism, basic measures, time restrictions.



**Гузикова В.В.,**

*доцент кафедры иностранных языков, кандидат филологических наук, доцент*

*(Уральский юридический институт МВД России, Россия, г. Екатеринбург,*

*e-mail: guzikovav@.ru)*

**Создание проблемных ситуаций на практических занятиях  
в контексте TBL-подхода при обучении иностранному языку в неязыковом вузе**

*Аннотация.* Статья посвящена описанию способов использования проблемных ситуаций в процессе языкового обучения специалистов неязыкового профиля, что содействует не только улучшению качества их языковой подготовки, но и формированию необходимого алгоритма, требуемого для решения аналогичных ситуаций в сфере будущей профессиональной деятельности. Автор акцентирует особое внимание на исследовании процесса решения проблемных ситуаций в профессионально-ориентированном дискурсе, путей и методов их интеграции в учебно-образовательный процесс, а также представляет ряд заданий, которые могут быть рекомендованы для выполнения на соответствующем этапе их решения. Рассматриваемый метод анализа проблемных ситуаций стимулирует развитие у обучающихся критического мышления, гибких навыков оценки информации, умения принимать верные решения в возникающей нестандартной ситуации.

*Ключевые слова:* технология проблемного обучения, проблемная ситуация, иностранный язык, профессиональные компетенции, профессионально-ориентированный дискурс, коммуникативные навыки, языковая направленность, критическое мышление.

Иностранный язык в XXI веке становится важным инструментом подготовки обучающихся в области профессиональной деятельности и ценным средством получения дополнительных научных материалов и иллюстраций. Заметно изменяется его значимость и статус в контексте дисциплин специального профиля, следовательно, преподаватели должны создавать соответствующие условия обучающимся на практических занятиях, при которых будет возможно использование различных иноязычных средств и образцов речи, способствующих решению целого ряда актуальных проблемных задач и ситуаций. С подобными ситуациями обучающиеся могут столкнуться в будущем при выполнении своих профессиональных обязанностей.

Преподаватели используют многочисленные задания уже сотни лет. Как правило, в прошлом задача заключалась в переводе фрагмента, часто из литературного или общественно-популярного источника. Совсем недавно задания стали включать проекты по созданию плакатов, брошюр, устных презентаций, радиопостановок, видеороликов, веб-сайтов и драматических представлений.

Особенностью всех этих упражнений является то, что вместо того, чтобы концентрироваться на одной конкретной структуре, функции или словарной группе, данные ситуации используют более широкий диапазон языка. Во многих случаях обучающиеся могут также использовать целый ряд различных коммуникативных языковых навыков.

Традиционный способ, которым преподаватели использовали задания, — это продолжение серии занятий, основанных на структуре / функциях или лексике. Задания были «расширенными» мероприятиями в рамках дифференцированного и структурированного курса.

Цель проблемного обучения заключается не только в усвоении результатов научного познания, но и самого процесса, при котором происходит получение данных результатов (овладение способами познания), а также формирование и развитие интеллектуальной, мотивационной, эмоциональной сфер обучающегося, делая акцент на его общем развитии, а не трансляции готовых научных заключений [1, с. 37].

В проведенном исследованиипольский учёный-педагог В. Оконь [2] выделяет ряд характерных особенностей данного вида обучения:

1) решение проблем различного характера содействует получению обучающимся неизвестной информации;

2) преодоление возникающих интеллектуальных трудностей у обучаемых при решении конкретной проблемы или задачи вносит существенный вклад в увеличение процесса активности их познания;

3) обучаемые эффективно применяют полученный опыт во вновь возникающих ситуациях, в то же время происходит процесс развития, формирования профессиональных компетенций и креативных способностей, которые помогают обучаемым в автономном режиме выявить и дать точную формулировку той или иной существующей проблемы.

В модели обучения, основой которой выступают задачи, описанные Джейн Уиллис, традиционное занятие — PPP (презентация, практика, постановка) — имеет обратную форму. Началом учебной работы обучающихся является тщательное изучение задания, в заключении которого преподаватель акцентирует внимание на использовании целевого языка, исправляя и корректируя успеваемость обучающихся конкретной группы.

Занятие, запланированное в рамках этой структуры, состоит из трех этапов: предварительное задание, цикл заданий и языковая направленность.

Предварительное задание (Pre-task): на этом этапе преподаватель знакомит группу с темой и заданием, активируя слова и фразы, связанные с тематикой.

Цикл заданий (Task cycle): преподаватель ставит коммуникативную задачу, которую обучающимся предлагается выполнить, используя языковые средства, которые у них уже есть в распоряжении, а затем улучшить этот язык под руководством наставника, планируя свои отчеты о выполнении задания. Обратная связь от преподавателя приходит тогда, когда обучающиеся больше всего нуждаются в ней для выполнения задания.

Языковая направленность (Language focus): на этом этапе обучающиеся более внимательно изучают языковые структуры, которые естественным образом возникают в ходе выполнения заданий. К этому этапу они уже поняли значение нового языка, и им нужно сосредоточиться на форме. Именно на данном этапе выполняются все виды практических занятий, включая различные упражнения.

Проблемное обучение многогранно, но, бесспорно, во главе угла данного вида обучения стоит проблемная ситуация. Ее разрешение способствует активизации познавательного процесса обучения и создает надлежащие условия для усвоения необходимых знаний и навыков при осуществлении соответствующей профессиональной деятельности.

Известный российский психолог А.М. Матюшкин определяет проблемную ситуацию как «характеризующую определенное психическое состояние субъекта, возникающее в процессе выполнения такого задания, которое требует открытия новых знаний о предмете, способах или условиях выполнения задания» [3, с. 32].

В свете коммуникативного подхода к обучению языку модель планирования занятий TBL (Task-based learning — «обучение, основанное на заданиях») является предпочтительной по следующим причинам:

1) занятие становится менее ориентированным на преподавателя. Преподаватель играет роль инструктора, который обеспечивает необходимые условия для обучения, предоставляя доступ к языку и направляя обучающихся использовать правильный язык для выполнения задачи. Именно обучающийся, выполняющий задание, становится центром занятия. Языковые потребности обучающегося для успешного выполнения задания удовлетворяются во время занятия;

2) существует естественная прогрессия от целостного к конкретному. В общем, цикл заданий предлагает обучающимся всесторонний опыт использования языка. Язык постепенно формируется на этапах первоначального составления, отработки, отчета и заключительной практики;

3) вместо того, чтобы сосредотачиваться на правильном создании одной единственной формы, обучающемуся рекомендуется учитывать уместность и точность языковой формы в целом;

4) поскольку обучающиеся используют язык с целью общения и обмена своими идеями, они лично участвуют в ходе проведения занятия и используют язык ради выражения смысла. Этот фактор чрезвычайно важен для закрепления и сохранения языкового материала.

Исследователь Л.Б. Нильсон [4, с. 190] перечисляет результаты обучения, связанные с PBL (Problem-based learning — «проблемно-ориентированное обучение»). Хорошо продуманный проект PBL предоставляет студентам возможность развивать навыки, связанные со следующими моментами:

- работа в команде;
- управление проектами и выполнение руководящих функций;
- устное и письменное общение;
- самосознание и оценка групповых процессов;
- критическое мышление и анализ;
- объяснение понятий;
- самостоятельное обучение;
- применение содержания курса к примерам из реального мира;
- исследовательская и информационная грамотность;
- создание хорошего проблемного сценария.

Хорошие проблемные сценарии являются аутентичными и плохо структурированными и требуют, чтобы обучающиеся выходили за рамки своих учебников, чтобы получить глубокие знания. Хорошо сформированные сценарии кажутся реальными, содержат реалистичные ситуации и настройки, ключевых игроков, последствия и формулировки проблем, которые требуют анализа обучающимися и дальнейших исследований.

Важно разработать хорошие проблемы для работы с обучающимися: сделать их реальными, реализуемыми, открытыми, требующими обсуждения и стратегий решения проблем. Следует дать понять, что «проблемы» и обсуждения в реальном мире имеют множество возможных «правильных» ответов и что обучающимся необходимо творчески работать вместе. Обучение происходит путем выработки решений, а не путем нахождения правильного решения.

